Физикалық өлшемдер	Жүйелі және кездейсоқ қателерді ажырата білу	(W) Оқушыларға осы 2 түрлі қателіктерді айыра білуді үйретіңіз. Жүйелі кездесетін қателіктер дұрыс нәтиженің болмауына, ал кездейсоқ қате нақтылықтың болмауына әкеліп соқтырады. Есептік дәлсіздіктер жүйелі кездесетін дәлсіздіктердің бір түрі болып саналады, алайда басқа да көптеген мысалдар бар. Қателіктердің себебін түсіну үшін және оларды азайту жолында бағдарламаның барлық тәжірибелік сабақтары пайдаланылулары мүмкін. (I/f) Оқушыларға өртүрлі тәжірибелік тапсырмаларды орындауларын ұсынңыз (қарындаштың ұзындығын анықтау, ыдыстағы сұйықтың көлемін анықтау, сыныптың температурасы т.б.). Оқушылар экспериментті орындау кезінде жіберілген жүйелі кездесетін және кездейсоқ болатын қателер туралы жауап бере алады.	Оқушылардың назарын құрылғының дәлсіздігі екі белгімен жазылатынына аудару қажет, себебі, жүйелі болатын (құрылғылық) дәлсіздік қайта өлшеу кезінде өлшеу дәлдігінің нағыз мәнінен ауытқуы мүмкін. Ал кездейсоқ дәлсіздіктер көптеген кездейсоқ себептерге байланысты (температура, қысым өзгеруімен, ғимараттардың сілкінуімен, т.б.), олардың әрекеттері әр өлшеуде өртүрлі болып, алдын ала ескерілуі мүмкін емес. Кездейсоқ дәлсіздіктерге өлшейтін нысандардың қасиеттеріне де байланысты дәлсіздіктер жатады.
Зертханалық жұмыс. “Қолбеу жазықтық бойымен қозғалатын	Тәуелді және тәуелсіз бақылаудағы (үздіксіз) физикалық өлшемдерді анықтау.	(Т) Нақты мысалдармен тәуелді және тәуелсіз бақылаудағы физикалық өлшемдерді қалай анықтау керек екенін түсіндіріңдер. (Е) Оқушыларға жұмыстың баламалы нұсқасын орындауды ұсыныңыз.	Осы деңгейдегі барлық тәжірибелер графиктің құрастырылуына әкеліп соғады және сандық нәтижелер: $y = mx + c$ теңдігі көрсетіп тұрғандай, тек қана түзусызық

1	2	3	4
дененің үлеуін анықтау”.		Ұсынылған кесте бойынша тәуелді, тәуелсіз және бақылайтын физикалық шамаларды анықтап, график құрастыру.	бойымен қозғалатын график алынуы мүмкін. Графикті құрастыру алдында әр тәжірибе үшін тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын айнымалыларды анықтау қажет.
	Бастапқы көрсеткіштер дәлдігіне сүйене отырып, соңғы нәтижелерді жазу.	(W) Абсолют және салыстырмалы қателіктерді анықтау үшін оқушыларға Корнфельд әдісін ұсыныңыз. (E) Оқушылармен дәлсіздіктерді талқылауға қолдануға болатындай, ағаш кесіндісінің ені мен ұзындығын өлшеу, көлемін есептеу сияқты қарапайым тәжірибе жүргізіңіз. Ол үшін миллиметрлік және сантиметрлік сызықшалары бар 2 сызғыш пайдаланыңыз.	Корнфельд әдісі бойынша абсолют және салыстырмалы өлшеу қателіктерін, дәлсіздіктерін есептеу формулалары: $\Delta x = \frac{x_{\max} - x_{\min}}{2}$ $\varepsilon = \frac{\Delta x}{x_{\text{opt}}};$ $x_{\text{opt}} = \frac{x_{\max} + x_{\min}}{2}.$ Ағаш кесіндісінің ені мен ұзындығын өлшеу сияқты қарапайым тәжірибеде (шамамен 25 см-ге 1,5 см) салыстырмалы қателік өлшеу құралын таңдаудан немесе заттың көлеміне байланысты екенін көрсетуге болады.

10.1В. Кинематика			
Осыған дейін меңгерілген білім			
7—9-сыныптардағы: кинематикалық шамаларды анықтау, қозғалыс теңдеулері, қозғалыстың графиктері және оны сипаттау, бірқалыпты қозғалыстың жылдамдығы, бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыс, үдеу, қозғалыстың салыстырмалылығы.			
Контекст			
Берілген бөлім алдыңғы сыныптарда оқыған механика бөлімдеріне негізделген және жылдамдық, орташа жылдамдық, үдеу, және т.б. негізгі терминдерді терең түсінуге сүйенеді, кинематикалық теңдіктерді, жылдамдықты қосу заңын, ілгерілемелі қозғалыстың қисықтық радиусын анықтауды, қисықсызықты қозғалатын дененің центрге тартқыш нормаль үдеуін, жанама бойындағы тангенциал үдеуін қолдану мысалдары.			
Орындалуға міндетті зертханалық жұмыс:			
• Дененің ұшу қашықтығының лақтыру бұрышына тәуелділігін зерттеу.			
Берілген бөлімдегі “Физика” пәнінің тілдік мақсаттары:			
Оқушыларға арналған академиялық тілге сәйкес тілдік мақсаттың үлгілері төменде берілген.			
Пәнді оқыту мақсаты	Оқытудың тілдік мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалогқа жазуға қажетті сөз тіркестер
Оқушылар жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигін қолдана отырып, дененің тұзусызықты, бірқалыптыүдемелі қозғалысы кезіндегі жылдамдықтың формуласын шығара алады. Есептеу және графикалық есептерді шығару кезінде кинематикалық теңдіктерді қолдана біледі.	Оқушылар инвариантты және салыстырмалы физикалық шамаларды ажырата біледі.	Орташа жылдамдық, лездік жылдамдық, қозғалыстың салыстырмалылығы, үдеу, орын ауыстыру.	... болған жағдайда не болады. Неге азайтады. болғанда, қандай айырмашылықтар болады.

Тілді оқыту мақсаттарына сай қосымша басшылыққа алатын және басқа тілдік мақсаттарды қою үшін және тілді оқыту мақсаттары бойынша қосымша нұсқаулықтар үшін жоғарыдағы “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспеге қараңыз.			
Қысқаша шолу			
Бөлім оқушыларға 7—9-сыныптарда оқыған кинематика бөлімін терең түсінуге мүмкіндік беретін негізгі шамалармен танысудан басталады. Үдеу, “арақашықтық — уақыт” және “жылдамдық — уақыт” графиктерімен тереңдетіліп оқытылады. “Жылдамдық — уақыт” графигі үдеуді анықтау үшін қолданылады. Қозғалыспен теңдіктің оларды сипаттайтын түрлері толық қарастырылады. Дененің тартылыс өрісіндегі қозғалысы және еркін түсу үдеуі төжірібе жүзінде анықталады. Төжірібелер сараланып, қорытындылар шығарылады.			
Бағдарламаға сілтеме	Оқытудың мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
10.2В Кинематика.	Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигінің көмегімен түзусызықты қозғалыс кезіндегі орын ауыстырудың формуласын қорытып шығару.	(Т) Оқушыларға үдеудің уақытқа тәуелділік графигінің фигураның ауданы жүрген жолға тең болатынын, 7-сыныптан білетіндерін еске түсірулерін ұсыныңыз. Оқушылар түзусызықты қозғалыс кезіндегі орын ауыстырудың формуласын есептеп шығаруы үшін осы тәсілді қолданыңыз. (G) Оқушыларға дененің жүрген жолының уақытқа тәуелділік графигін және тұрақты жылдамдықпен қозғалатын дененің уақытқа тәуелділік графигін ұсыныңыз. Оқушылар кинематикалық теңдеуді табу үшін $y = kx + b$ сызықтық теңдеуді пайдаланады. Содан кейін мұғалім	Кейбір оқушылар көлбеу терминіне қарағанда градиент терминін жиі қолданады, себебі екі термин де рұқсат етіледі. Практика жүзінде оқушылар тұрақты үдеу мен қозғалыс кезінде жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигін көлбеулікті вертикаль ості дұрыс таңдау арқылы анықтау керек. Оқушылардың графигтегі жылдамдық өзгерісі мен уақыттың өзгерісін дұрыс анықтағанына көз жеткізіңіз. Ол үшін координата басынан өтпейтін бірнеше графигті мысал ретінде көрсетіңіз.

1	2	3	4
		уақыттың жылдамдыққа тәуелділік графигіндегі көлбеу қозғалып келе жатқан дененің үдеуі болып табылатынын көрсетуі тиіс. (1/f) Оқушыларға қозғалыс графиктерінің бірнеше түрлері берілген тексеру қағаздарын таратыңыз. Жылдамдық пен үдеудің теңдеулерін жазып, орын ауыстыруды анықтаңдар.	
	Сандық және графиктік есептерді шығару кезінде кинематикалық теңдеулерді қолдану.	(I) Оқушыларға түзу сызықтық бірқалыпты және айнымалы қозғалыс үшін $x(t)$; $s(t)$; $v(t)$ кинематикалық теңдіктерді қолдана отырып, сандық және графикалық есептерді шығаруды ұсыныңыз.	Оқушылар бір түзудің бойымен түзу сызық қозғалыстың формулаларын білулері шарт: $s = (v + v_0)t/2;$ $v = v_0 + at;$ $v^2 = v_0^2 + 2as;$ $s = v_0t + at^2/2;$ $x = x_0 + v_0t + at^2/2.$ Берілген теңдеудегі шамалар берілген бағытқа байланысты таңбасы өзгеріп отыруы мүмкін.
	Инвариантты және салыстырмалы физикалық шамаларды айыра білу.	(T) Оқушыларға “Қозғалыстың салыстырмалылығы” тақырыбын қайталау үшін қарапайым пағын тәжірибелер немесе виртуалды зергханалық жұмыстарды орындауды ұсыныңыз. (W) Инвариантты және салыстырмалық физикалық шамаларды анықтау	Инварианттық шамалар — санақ жүйесінің таңдауына байланысты емес шамалар. (барлық санақ жүйесінде бірдей, өзгермейтін, тұрақты). Мысалы, (m) классикалық механикадағы салмақ.

1	2	3	4
		үшін эскалатормен қозғалып бара жатқан адам қозғалысын, өзендегі спортшының, тұзусызықты және бірқалыпты жүріп келе жатқан поезданың жолаушылардың қозғалысының мысалдарын қарастырындар.	
	Есептерді шешу кезінде жылдамдықты қосудың және орын ауыстырудың классикалық заңын қолдану.	(W) Оқушыларға салыстырмалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық пен орын ауыстыруды есептеуге арналған есептер шешуді ұсыныңыз.	Бірқалыпты және тұзусызықты қозғалып келе жатқан кеменің палубасындағы адамның қозғалысына мысалдар келтіріңдер. Мәселен, адамның қозғалысы кеменің палубасына қатысты салыстырмалы, ал жағаға қатысты абсолют болып табылады. Кеменің жағаға қатысты қозғалысы — салыстырмалы қозғалыс. Сәйкес осы қозғалыстардың жылдамдықтары салыстырмалы, абсолютты және нақты болады. Олар өз бір-бірімен Галилей түрлендірулері байланысты. $\vec{v}_{\text{сал}} = \vec{v}_{\text{абс}} + \vec{v}_{\text{айн.}}$
	Қисықсызықты қозғалыс кезіндегі қисық сызықты радиус, дененің тангенциал, центрге тартқыш	(Т/Г) Оқушыларға қисықсызықты қозғалыс кезіндегі дене үдеуінің бағытын схема негізінде анықтауды ұсыныңыз. Жекелеген жағдайларды: шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысты, тү-	Оқушылар қисықсызықты траектория бойымен бірқалыпты қозғалыс кезіндегі жылдамдық векторының бағыты қозғалыс бағытының өзгерісіне қарай

1	2	3	4
	және толық үдеуін анықтау.	зусызықты бірқалыптайынмалы қозғалысты және қисықсызықты бірқалыптайынмалы қозғалысты қарастырсын. Оқушыларға проблемалық сұрақтар қойыңыз. Автомобиль бұрылған кезде жылдамдығын неге азайтады, ал ұшақ, керісінше, оны ұлғайтады? (I/f) Оқушыларға қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциал, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау бойынша сапалы және есептік тапсырмалар ұсыныңыз.	өзгеретінін, алайда жылдамдықтың шамасы тұрақты болып қалатынын түсінуі тиіс. Жылдамдық векторының бағыты өзгергендіктен, дене үдеумен қозғалады. Осы үдеу центрге тартқыш деп аталады. Шеңбер бойымен қозғалыстың сипаттамасын қарастырыңыз.
	Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі кинематикалық шамаларды анықтау.	(Е) Оқушылардан теннис добын көрсеңкеге лақтырған кезде түсуі кейбіреулердің көрсеңкеге тигізе алмауының себебін сұраңыз. (G) Оқушылардан екі доптың қайсысының (тігінен немесе көлденең) еденге бірінші құлайтынын болжауын сұраңыз, содан кейін олардың болжамдарын растайтын тәжірибе жасаңыз. (D) Оқушыларға бір уақытта: бірі — бастапқы жылдамдықсыз, тігінен еркін құлап бара жатқан, екіншісі — горизонталь лақтырылған екі дененің қайсысы бірінші құлайтыны туралы эксперимент көрсетіңіз. (G) Оқушыларға қозғалыстың тәуелсіздік принципінің пайдалана отырып,	Бұл тақырып траекторияның кез келген нүктесінде ұшу ұзақтығын, көтерілудің ең жоғары биіктігін, дененің жылдамдығын және оның қисықтық радиусын анықтау үшін қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін пайдаланудың мүмкін екенін дәлелдейді. ▲ = қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар. Тік және горизонталь қозғалыстардың бір-бірінен тәуелсіз жүретінін дәлелдеу үшін оқушыларға қолдағы аспаптарды пайдалануды ұсыну.

1	2	3	4
		алынған нәтижелерді математикалық тұрғыдан негіздеулерін ұсыныңыз. (G) Оқушыларға топтарда жоспарлау мәселесін талқылауды және баллистикалық тапаншамен төжірібе жүргізуді ұсыныңыз.	
	Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын зерттеу.	(G/f) Оқушыларға көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын төжірібе жүзінде зерттеуді ұсыныңыз.	Зертханалық жұмысты орындау үшін баллистикалық тапанша, шариктер және т.б. пайдалануға болады. Виртуал зертханалық жұмыс жүргізуге болады. Оқушыларға алынған баллистикалық қисықты қолдану арқылы доппен нысанаға тигізуді ұсынуға болады.

10.1С Динамика
Осыған дейінгі меңгерілген білім
7 және 9-сыныптардағы динамика — масса, салмақ, тығыздық, инерция, энергияның сақтау заңы, Ньютон заңдары, тең әсерлі күш, Бүкіләлемдік тартылыс заңы, ғарыштық жылдамдықтар.
Контекст
Осы бөлім 7 және 9-сыныптарда зерделенген механиканың негізгі мәселелеріне негізделеді. Аталған тақырыптың инженерия және таңдалған материалдың кедергілері белгілі бір саласындағы ғылыми зерттеулер үшін маңызы зор. Гравитациялық өрістегі күштердің жұмысы қазір математикалық түрде берілген, бұл ұлттық және әлемдік ғарыштық бағдарламаларға байланысты қызықты зерттеу жобаларын ұсынуға мүмкіндік береді. Зертханалық жұмыс: • Бір-біріне бұрыш жасай бағытталған күштерді қосу.

“Физика” пәнінің осы бөлімдегі тілдік мақсаттары Оқушыларға арналған академиялық тілге сәйкес тілдік мақсаттың үлгісі төменде берілген.			
Пәнді оқыту мақсаты	Тілді оқыту мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалог/жазуға қажетті сөз тіркестері
Оқушылар қозғалыстағы денеге бірнеше күш әсер еткен кезіндегі есептерді шешудің алгоритмдерін құру.	Оқушылар: инертті және гравитациялық массаның физикалық мағынасын; материялық нүктенің гравитациялық өрісінің кернеулігі мен потенциалының Жер бетіндегі қашықтыққа байланысты тәуелділік графигін түсіндіре алады.	Гравитациялық тұрақты, гравитациялық күш, тең әсерлі күш, ілгерілемелі қозғалыс, айналымы қозғалыс, инерция моменті.	Ньютонның екінші заңындағы күш тең әсерлі күш болып табылады... Инертті және гравитациялық массалар ұғымдарының айырмашылығы ..
Тілді оқыту мақсаттарына сай қосымша басшылық және басқа тілдік мақсаттарды қою үшін ғылыми тілді үйрету мен оқытуға қатысты “Тілдік мақсаттар туралы” қараңыз.			
Қысқаша шолу			
Бөлімнің материалдары практикалық жұмыс, өлшеу әдістерін және есептеулерді нақтылау үшін көптеген ұтымды мүмкіндіктерді қамтиды. Гравитациялық өріс тақырыбы барынша күрделі математикалық есептеулер жасауға мүмкіндік береді.			

Бағдарламаға сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
10.1С Динамика	Қозғалыс кезінде денеге бірнеше күш әсер ететін есептердің шешу алгоритмдерін құру.	(Т) Нақты есепті шешудің негізінде оқушыларға денеге немесе денелер жүйесіне бірнеше күш әсер ететін кездегі есепті шешудің алгоритмін құруды ұсыну. (І/Ғ) Оқушыларға жеке немесе топпен жұмыс жасау үшін дененің бірнеше күштің әсерінен қозғалуы кезінде есептер шешудің алгоритмін қолдануға арналған тапсырма ұсыныңыз.	Дене қозғалысының әртүрлі жағдайларын қарастыру (үдеумен және үдеу болмаған кезде): 1) тігінен; 2) көлденең; 3) шеңбер бойымен; 4) көлбеу жазықтық бойымен; 5) бір-бірімен байланысты денелердің қозғалысы.
	Есептерді шешу кезінде Бүкіләлемдік тартылыс заңын қолдану. Инертты және гравитациялық массаның физикалық мағынасын түсіндіру.	(W) Оқушыларға Бүкіләлемдік тартылыс заңын және еркін түсу үдеуінің физикалық мағынасын еске түсіруді ұсыныңыз. (Т) Гравитациялық өрістің кернеулігі деген ұғымды енгізіп, анықтама беріңіз. (Ғ) Оқушыларға Бүкіләлемдік тартылыс заңына арналған сапалы және сандық есептерді шешуді ұсыныңыз.	Егер: а) денелердің өлшемдері олардың арақашықтығымен салыстырғанда аз болса; ә) денелердің екеуі де біртекті және шар тәріздес пішінде болса; б) өзара әсерлесетін шар тәрізді денелердің бірі — өлшемі мен массасы екінші денеге қарағанда үлкен болған кезде Бүкіләлемдік тартылыс заңының формуласымен нақты есептеу жүргізуге болады.

1	2	3	4
			Гравитациялық өрістің кернеулігі — бірлік гравитациялық массаға әсер ететін күшпен сипатталатын шама болып табылатынына оқушылардың назарын аудару. Материяның түрлі қасиеттерін көрсететін, алайда аталған шамалардың сандық мәндері бірдей болатын гравитациялық және инертты массалар ұғымдарының бар екенін еске салу.
	Материялық нүктенің гравитация өрісіндегі кернеулігінің арақашықтыққа тәуелділік графигін түсіндіру.	(G) Гравитациялық күштің дененің массасына және оның Жер бетіндегі қашықтыққа тәуелді болатынын көру үшін оқушыларға гравитациялық өрісті модельдеу тәсілдерін пайдалануды ұсыныңыз. Олар массаны тұрақты деп есептеп, F күштерінің r арақашықтыққа тәуелділік графигін тұрғыза алады.	Гравитациялық өзара әсерлесуші күштері қадағалаудың нәтижелері бойынша кесте толтырылып, график жасалады.

10.1D Статика	
Осыған дейін меңгерілген білім	
Оқушылар 7-сыныптағы физика курсынан күш моментін анықтауды, масса центрі ұғымын және денелердің тепе-теңдігі кезіндегі күш моментін пайдалануды еске түсіруі тиіс. Оқушылар тригонометриялық функциялардың формулаларын пайдалана білуі тиіс.	
Контекст	













Осы бөлім күш моментті туралы ұғымның негізінде өртүрлі тепе-теңдік түрлерін түсіндіру кезінде себеп-салдарлық байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл базалық білімдер оқытудың кейінгі бөлімдерінде пайдаланылады.			
“Физика” пәні бойынша осы бөлімдегі тілдік мақсаттар			
Оқушыларға арналған академиялық тілде жазылған тілдік мақсаттың үлгісі төменде келтірілген.			
Пәнді оқыту мақсаты	Оқытудың тілдік мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалог/жазуға қажетті сөз тіркестері
Оқушылар өртүрлі тепе-теңдік түрлерін түсіндіру кезінде себеп-салдарға байланыс орната алады.	Оқушылар айналу осі бар немесе жоқ денелердің тепе-теңдік шарттарын анықтай алады.	Күш моменті, айналу центрі, айналу осі, күш иіні, тепе-теңдік шарттары.	Егер, күш моменті ... болса, дене тепе-теңдікте болады. Күш иіні дегеніміз ... Егер күш иіні ... болса, дене тепе-теңдікте болады.
Тілді оқыту мақсаттарына сай қосымша басшылық және басқа тілдік мақсаттар қою үшін ғылыми тілді үйрету мен оқытуға қатысты “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспені қараңыз.			
Қысқаша шолу			
Оқушылар күш моментін қайтадан қарастырады және дененің массалар центрін, денелер жүйесін табу, өртүрлі тепе-теңдік түрлерін сипаттау үшін денелердің тепе-теңдік шартын қолданады.			

Бағдарламаға сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
Статика	Абсолют қатты дененің және материялдық денелер жүйесінің массалар центрін табу.	(D) Қорытқы күштің әсері оның түскен тірек нүктесіне байланысты екенін мысал арқылы көрсетіңіз. (W) Оқушылардан ілгерілемелі күш қозғалатын айналымды денеге мысалдар келтіруін сұраңыз, мәселен, рөлдік дөңгелек, өткеншек және т.б. (W) Оқушылар моментінің ережелерін пайдалана отырып, масса центрін анықтау тәсілдерін қарастырыңыз. Бұл ретте абсолют қатты дене немесе материялдық денелер жүйесі екінші текті иінгірек ретінде қарастырылуы мүмкін. (I/f) Оқушыларға денелер жүйесінің массалар центрін табуға арналған тәжірибелік және сандық есептер шешуді ұсыныңыз.	Оқушылар терминдерді (тірек нүктесі, күш иіні, айналу моменті) дұрыс пайдаланулары қажет, сондай-ақ олар күш әсерінің бағытын, осы күштердің иіндерін суретте дұрыс көрсете білуге және олардың моменттерін есептей алуы тиіс. Күш моменттерінің әсерін сағат тілінің қозғалыс бағыты бойынша және бағытына қарсы сипаттай алу. Иіннің салмағы ескерілмейтін мысалдарды шығарудан бастауға болады. Оқушыларға суретте сол иіндердің салмағы нақты белгіленген сұрақтар қойылуы мүмкін. Осы кезеңде оқушылар теңескен иінге әсер ететін бірнеше күш моменттерінің принципіні қолдана алуы тиіс.
	Өртүрлі тепе-теңдік түрлерін түсіндіру кезінде себеп-салдарлық байланысты орнату.	(D) Қозғалмайтын ось айналасында айналатын денелердің тепе-теңдігі бойынша қарапайым тәжірибелер көрсетіңіз. (W) Оқушыларға әрбір тәжірибе үшін тірек нүктесін және денелердің массалар центрін анықтауды ұсыныңыз. Әрбір жағдайға арналған тепе-теңдікті талдаңыз. (T) Тұрақты және тұрақсыз тепе-теңдік ұғымдарын енгізіңіз. Денені тепе-теңдік	“Невалышка” ойыншығының тұрақтылығын, тұрған және ілулі тұрған қолшатырдың тұрақтылығын және басқаларды қарастыруға болады. Оқушыларға денелердің тұрақтылығы туралы сұрақтарға жауап беруді ұсыныңыз, мәселен, автомобильдің тұрақтылығына қайсысы көбірек әсер етеді — дөңгелек-

1	2	3	4
		жағдайына немесе керісінше жағдайға әкелетін айналу моменті пайда болуына қарай тепе-теңдік түрлерін түсіндіріңіз. (E) Тепе-теңдікті массалар центрінің орнына және тірек нүктесіне тәуелділігін талдау үшін оқушылармен ішінде суы бар және суы жоқ өртүрлі пішіндегі ыдыстардың тұрақтылығын талқылаңыз.	тердің арақашықтығы немесе массалар центрінің орны ма?
	Тәжірибелік жолмен күштер шамасын анықтау және күштерді қосу заңын эксперименттік тексеру.	(W) Оқушылармен тепе-теңдік жағдайларындағы күштерді қосу заңын талқылаңыз. (I/f) Оқушыларға тепе-теңдік жағдайында тең әсерлі күштің нөлге тең екенін тәжірибе жүзінде дәлелдеуге болатын тапсырма беріңіз.	Жұмысты орындау барысында оқушылар күштерді қосудың векторлық диаграммаларын сызулары және қорытқы күшті анықтаулары қажет. Бұл нәтижені тәжірибелік жолмен өлшенген мәнмен салыстыру және тәжірибені жақсарту жолдарын ұсынулары қажет. ▲ = қауіпсіздік техникасы жөніндегі кеңестер.

10.1E Сақталу заңдары	
Осыған дейінгі меңгерілген білім	
7-сыныптан — энергия және оның сақталу, айналу заңдары туралы бастапқы мәліметтер.	
9-сыныптан — импульс, импульстің сақталу заңы, серпімді және серпімсіз соқтығысулар.	
Контекст	
Осы бөлім 9-сыныпта танысқан механика бөлімінде қарастырылған импульс ұғымына негізделген. Мұнда импульс барынша тереңірек қарастырады.	

“Физика” пәні бойынша осы бөлімдегі тілдік мақсаттар: Оқушыларға арналған академиялық тілге сәйкес тілдік мақсаттың үлгісі төменде берілген.			
Пәнді оқыту мақсаты	Оқытудың тілдік мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалог/жазуға қажетті сөз тіркестер
Оқушылар есептік және эксперименттік есептерді шешу кезінде сақталу заңын қолдана алады.	Оқушылар импульстің және энергияның сақталу заңын көрсететін эксперименттерді талдап, оларға қорытынды шығара алады.	Күш импульсі, импульстің өзгеру жылдамдығы, импульс моменті, импульс моментінің сақталуы, айналмалы қозғалыстың кинетикалық энергиясы.	Біз серпімді және серпімсіз соқтығысуға дейінгі және олардан кейінгі кинетикалық энергияны есептедік... Эксперимент кинетикалық энергия энергияның басқа да түріне түрлене алатынын көрсетті... Импульстің кез келген соқтығысуларда сақталатынына қорытынды шығара аламыз... .
Тілді оқыту мақсаттарына сай қосымша басшылық және басқа тілдік мақсаттарды қою үшін ғылыми тілді үйрету мен оқытуға қатысты “Тілдік мақсаттар туралы” қараңыз.			
Қысқаша шолу			
Бөлімді Ньютон заңдарын оқудан бастаймыз және импульс пен кинетикалық энергияның айырмашылығын анықтаймыз. Оқушылар импульстің вектор екенін (ал энергия өзінің барлық пішіндерінде скаляр болып табылады) түсінгені маңызды. Импульсті <i>mv</i> ретінде анықтау және қорытқы күштің импульстің өзгеру жылдамдығына тең екенін көрсету. Өзара әсерлесетін екі дененің қарапайым жүйеде қолданылатын, кейіннен кез келген тұйық жүйеге жалпыланатын Ньютонның үш заңынан импульстің сақталу заңын қорыту қажет. Өзара әсерлесу және соқтығысу принципін қолдану және көптеген сандық мысалдар келтіру. Бұл бөлімде энергияның сақталу заңы денелердің тек ілгерілемелі қозғалысына ғана емес, айналмалы қозғалысында да қолданылады.			

Бағдарламаға сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер						
1	2	3	4						
10.1E Сақталу заңдары	10.2.4.1 Сандық және төжірібелік есептерді шешу кезінде сақталу заңдарын қолдану.	(Т) Оқушылармен импульс және энергия ұғымдарын, импульстің және энергияның сақталу заңдарын қайталау. (D) Жазықтықта денелердің жылдамдықтары өртүрлі болатынын төжірібе негізінде (массалары және радиустары бірдей тұтас дөңгелек пен шеңбер көлбеу жазықтықтың бойымен домалап түседі) көрсетеміз. Демек, денелердің потенциалдық энергиясының бір бөлігі тек ілгерілемелі қозғалыстың кинетикалық энергиясына ғана айналып қоймайды, сонымен бірге айналмалы қозғалыстың кинетикалық энергиясына да айналады. Қатты денелердің айналмалы қозғалысының кинетикалық энергиясы ұғымын енгізудің қажеттілігі туындайды. (Т) Оқушылармен бірге айналмалы қозғалыстың кинетикалық энергиясының формуласын шығару және инерция моменті ұғымын енгізу.	Сақталу заңдарының түйік жүйелерде жұмыс істейтінін оқушыларға ескертіңіз. Айналмалы қозғалыстың кинетикалық энергиясы — дененің айналуына байланысты энергиясы. Дененің айналмалы қозғалысының негізгі кинематикалық сипаттамалары — оның бұрыштық жылдамдығы және бұрыштық үдеуі. Айналмалы қозғалыстың негізгі динамикалық сипаттамалары — инерция моменті және L импульс моменті. Оқушыларға өртүрлі пішіндегі денелердің инерциялық моменттері көрсетілген кесте ұсыныңыз. <table><tr><td>$J_c = \frac{1}{12} ML^2$ </td><td>$J_c = \frac{2}{3} MR^2$ </td><td>$J_c = \frac{2}{3} MR^2$ </td></tr><tr><td>$J_c = MR^2$ </td><td>$J_c = \frac{1}{2} MR^2$ </td><td>$J_c = \frac{1}{4} MR^2$ </td></tr></table>	$J_c = \frac{1}{12} ML^2$ 	$J_c = \frac{2}{3} MR^2$ 	$J_c = \frac{2}{3} MR^2$ 	$J_c = MR^2$ 	$J_c = \frac{1}{2} MR^2$ 	$J_c = \frac{1}{4} MR^2$ 
$J_c = \frac{1}{12} ML^2$ 	$J_c = \frac{2}{3} MR^2$ 	$J_c = \frac{2}{3} MR^2$ 							
$J_c = MR^2$ 	$J_c = \frac{1}{2} MR^2$ 	$J_c = \frac{1}{4} MR^2$ 							

1	2	3	4
		(I) Оқушыларға денелердің күрделі (бір уақытта ілгерілемелі және айналмалы) қозғалысына арналған сандық есептер шешуді ұсыныңыз. (T) Оқушыларға Штейнер теоремасы қорытындысын ұсыныңыз. (W) Тақырыпты тексеру және бекіту үшін мына сұрақтарды талқылаңдар: 1. Материялық нүктенің инерция моменті дегеніміз не? 2. Дененің масса центрінен өтетін оське қатысты жіңішке шеңбердің, шар-тік цилиндрдің, дөңгелектің, шардың және тік біліктің инерция моменті қалай есептеледі? (I) Оқушылармен кез келген оське қатысты дене инерциясы моментін анықтау үшін (мәселен, оның бас нүктесі арқылы өтетін оське қатысты L ұзындықтағы тік бұрышты білік үшін) Штейнер теориясын пайдалануға арналған тапсырма орындаңыз.	Энергияның сақталу заңы сияқты, импульс моментінің сақталу заңы да табиғаттың фундаментальді заңы болып табылады. Қатты дененің инерция моменті
	Материялық денелердің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын пайдалану.	Практикада көбінесе бірқалыпты емес айналмалы қозғалыс кездеседі. Оны сипаттау үшін бұрыштық жылдамдықтың өзгеру шапшаңдығын сипаттайтын шама бұрыштық үдеу енгізіледі.	Тәжірибе көрсеткендей, оқушылар бұрыштық жылдамдықтың, күш моментінің және импульс моментінің векторлық сипаттамасы туралы ұғымдарды қиындарды меңгереді. Сондықтан, осы бөлімді зерделеу үшін
	Есептерді шешу кезінде түрлі формулалардағы айналмалы қозғалыс		

1	2	3	4								
	тың динамиканың негізгі теңдеуін қолдану.	(W/T) Түрлі пішіндердегі айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуінің қорытындысын көрсетіңіз. $M = J\varepsilon$, мұнда L — импульс моменті. $M = \frac{\Delta L}{\Delta t}$, мұнда L — импульс моменті. (T) Импульс моментінің сақталу заңын тұжырымдаңыз (егер, ал $\Delta L = 0$ және $J\varepsilon = \text{const } \overline{M} = 0$) және осы заңды дәлелдейтін мысалдар келтіріңіз (гироскоп, зырылдауық, мөнерлеп сырғанау). (f) Оқушыларға динамиканың негізгі теңдеуінің қолданылуына сәйкес есептер шешуді ұсыныңыз.	мүмкіндігінше көп уақыт бөлу, мысалдар мен есептерді көбірек қарастыру (немесе мұны сыныптан тыс сабақтарда жасау) қажет.								
	Ілгерілмелі және айналмалы қозғалыстарды сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы ұқсастықтарды анықтау.	(G) Оқушыларға ілгерілмелі және айналмалы қозғалыстарды сипаттайтын шамалардың және оларды суреттейтін заңдардың арасындағы ұқсастықтарды табуды ұсыну. <table><tr><th>Ілгерілмелі қозғалыс</th><th>Айналмалы қозғалыс</th></tr><tr><td>1</td><td>2</td></tr><tr><td>$\vec{v}$ — сызықтық жылдамдық</td><td>$\vec{\omega}$ — бұрыштық жылдамдық</td></tr><tr><td>$\vec{a} = \frac{\Delta \vec{v}}{\Delta t}$ — сызықтық үдеу</td><td>$\vec{\varepsilon} = \frac{\Delta \vec{\omega}}{\Delta t}$ — бұрыштық үдеу</td></tr></table>	Ілгерілмелі қозғалыс	Айналмалы қозғалыс	1	2	$\vec{v}$ — сызықтық жылдамдық	$\vec{\omega}$ — бұрыштық жылдамдық	$\vec{a} = \frac{\Delta \vec{v}}{\Delta t}$ — сызықтық үдеу	$\vec{\varepsilon} = \frac{\Delta \vec{\omega}}{\Delta t}$ — бұрыштық үдеу	Аталған тақырып меңгеру негізгі ұғымдары жақсы түсіну және еске сақтау үшін ілгерілмелі қозғалыстың формулалары мен салыстыру ұсынылады. Ілгерілмелі қозғалыстың динамикасы дене үдеуінің туындау себептерін зерделейтіні және оның бағыты мен мәнін анықтауға мүмкіндік беретіні оқушыларға мәлім.
Ілгерілмелі қозғалыс	Айналмалы қозғалыс										
1	2										
$\vec{v}$ — сызықтық жылдамдық	$\vec{\omega}$ — бұрыштық жылдамдық										
$\vec{a} = \frac{\Delta \vec{v}}{\Delta t}$ — сызықтық үдеу	$\vec{\varepsilon} = \frac{\Delta \vec{\omega}}{\Delta t}$ — бұрыштық үдеу										


1	2	3	4																
		Жалғасы <table><tr><th>1</th><th>2</th></tr><tr><td>m — масса</td><td>I — инерция моменті</td></tr><tr><td>$\vec{p} = m\vec{v}$ — импульс</td><td>$\vec{L} = I\vec{\omega}$ — импульс моменті</td></tr><tr><td>$\vec{F}$ — күш</td><td>M — күш моменті</td></tr><tr><td>$\vec{F} = \frac{\Delta\vec{p}}{\Delta t}$</td><td>$M = \frac{\Delta L}{\Delta t}$</td></tr><tr><td>$\vec{F} = m\vec{a}$</td><td>$M = I\varepsilon$</td></tr><tr><td>$E_k = \frac{mv^2}{2}$</td><td>$E_k = \frac{I\omega^2}{2}$</td></tr><tr><td>$A = F_8S$</td><td>$A = M\varphi$</td></tr></table>	1	2	m — масса	I — инерция моменті	$\vec{p} = m\vec{v}$ — импульс	$\vec{L} = I\vec{\omega}$ — импульс моменті	$\vec{F}$ — күш	M — күш моменті	$\vec{F} = \frac{\Delta\vec{p}}{\Delta t}$	$M = \frac{\Delta L}{\Delta t}$	$\vec{F} = m\vec{a}$	$M = I\varepsilon$	$E_k = \frac{mv^2}{2}$	$E_k = \frac{I\omega^2}{2}$	$A = F_8S$	$A = M\varphi$	пайда болу себептерін зерттейді. Айнама-лы қозғалыстың негізгі теңдеуі бұрыштық үдеудің дененің күш моментіне және инерция моментіне тәуелділігін анықтайды.
1	2																		
m — масса	I — инерция моменті																		
$\vec{p} = m\vec{v}$ — импульс	$\vec{L} = I\vec{\omega}$ — импульс моменті																		
$\vec{F}$ — күш	M — күш моменті																		
$\vec{F} = \frac{\Delta\vec{p}}{\Delta t}$	$M = \frac{\Delta L}{\Delta t}$																		
$\vec{F} = m\vec{a}$	$M = I\varepsilon$																		
$E_k = \frac{mv^2}{2}$	$E_k = \frac{I\omega^2}{2}$																		
$A = F_8S$	$A = M\varphi$																		
	Дененің инерция моментін эксперименттік әдіспен анықтау.	(Е/Ғ) Оқушыларға дененің инерция моментін эксперименттік әдіспен анықтауды ұсыныңыз.	Эксперименттік жұмысты орындау барысында мыналарды орындау қажет: 1. Жоспарлау. 2. Мүмкіндікті бағалау. 3. Деректер жинау. 4. Деректерді өңдеу. 5. Қорытынды шығару. 6. Қателіктерді бағалау.																

10.1F Сұйықтар мен газдардың механикасы				
Осыған дейінгі меңгерілген білім				
7-сынып — масса, салмақ, тығыздық, инерция, бірқалыпты қозғалыстың жылдамдығы, бірқалыпты және бірқалыпты емес қозғалыстар, үдеу, сұйықтағы гидростатикалық қысым, атмосфералық қысым, Архимед заңы, Паскаль заңы. 9-сынып — Ньютон заңдары, тең әсерлі күш.				
Контекст				
Осы бөлім 7 және 9-сыныптарда зерделенген механиканың бөлімдеріне негізделеді. Мұнда сұйықтардың қозғалысын талдауды жеңілдететін қарапайым физикалық модель (идеал сұйық) енгізіледі және пайдаланылады. Аталған модельдің қолдану шегін талқылау маңызды (мысалы, сұйықтар шынымен де сығыла ма және үйкелісті қай кезде ескермеуге болады). Бұл қолданылатын физикалық модельдердің артықшылығын және кемшіліктерін қарастыруға мүмкіндік береді.				
Зертханалық жұмыс: • Тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шар жылдамдығының оның радиусына тәуелділігін зерттеу.				
“Физика” пәнінің осы бөлімдегі тілдік мақсаттары: Оқушыларға арналған ғылыми тілге сәйкес тілдік мақсаттың үлгісі төменде берілген.				
Пәнді оқыту мақсаты	Тілді оқыту мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалог/жазуға қажетті сөз тіркестері	
Оқушылар сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағындарын сипаттай алады.	Оқушылар қима айнымалы түтігіндегі су ағынын қадағалай отырып, мәнмөңіндегі терминдерді пайдалана алады.	Жылдамдық, қысым, ағындағы орта, сұйық, идеал сұйық, ағын, ағын шығыны/жылдамдығы, қысым айырмашылығы, көлденең қиманың ауданы, ток сызығы, тұтқырлық, ламинарлық және турбуленттік ағыстар. Бернулли теңдеуі, Торричелли формуласы, үзіліссіздік теңдеуі.	Ағыс жылдамдығы ұлғайған кезде қысым азаяды. Ағыстың көлемдік қимасы түтіктің барлық бөліктерінде тұрақты болады. Түтіктің барынша жіңішке бөлігінде ағыс жылдамдығы жоғары, ал қысым төмен болады. Түтіктің көлденең қимасының ауданы азаюына байланысты, ағыс жылдамдығы артады. Түтіктің кеңірек бөлігінен жіңішке бөлігіне өткен кезде қысым азайғандықтан, сұйық жылдам ағады.	

Ғылыми тілді оқытуға және үйретуге жататын басқа тілдік мақсаттар құру және тілді оқыту мақсаттары бойынша қосымша нұсқаулықтар жасау үшін жоғарыда берілген “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспені қараңыз.	
Қысқаша шолу	
Сұйықтың ағысы туралы негізгі көріністер демонстрациялар, мысалдар және модельдеу арқылы енгізілуі тиіс. “Идеал сұйық” деген абстрактілі ұғымды енгізу сұйықтар мен газдардың қозғалысының заңдылығын анықтауға мүмкіндік береді. Ағыс сызықтары, “ламинарлық” және “турбуленттік ағыс” ұғымдары бұл модельдің қолданылу шегін анықтауға көмектеседі. Осы ұғымдар мен модельдердің, сондай-ақ энергияны сақтау және айналу заңының негізінде сұйықтар мен газдардың ламинарлық қозғалысы үшін Бернулли теңдеуін және Торричелли формуласын алуға болады. Сұйықтардың нақты ағыстарын сипаттау үшін және Бернулли заңын практикада қолдану үшін идеал сұйық моделін пайдаланған орынды.	

Бағдарламаға сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекет	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
10.1F Сұйықтар мен газдардың механикасы.	10.2.5.1 Сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау.	(D) Түтінің қарапайым демонстрациясы (мысалы, жарық және өшірілген шамнан) бастапқы ламинарлық ағысты көрсетеді, содан кейін турбуленттік ағысқа жалғасады, сол кезде түтінде көбірек шыға бастайды. Краннан аққан судың ағысы да ағыстың екі түрін көрсете алады — ағыс жылдамдығы ұлғайып жатқан кезде краннан аққан су радиалдық ағын турбуленттікке айналады.	Ламинарлық (тұрақты) және турбуленттік ағыстардың арасындағы айырмашылықты түсіндіру қажет. Мұны мынандай мысалдардың көмегімен жасауға болады. Ламинарлық ағыстың турбуленттікке өту шарттарын анықтау үшін Рейнольдс саны енгізіледі: $Re = \rho v r / \eta,$ мұнда ρ — сұйықтың тығыздығы, v — ағыстың орташа жылдамдығы, η — сұйықтың тұтқырлығы, r — ағысқа қатысатын заттың өлшемі (мысалы, сұйықта қозғалатын шардың диаметрі немесе сұйықты қамтитын құбырдың диаметрі).

1	2	3	4
		Егер аэродинамикалық құбыр қолжетімді болса, барынша күрделі зерттеулер де жүргізуге болады. (G) Видеоны көргеннен кейін оқушыларға сұйықтар ағысының екі түрін салыстыруды, кесте немесе “Бенн диаграммасын” жасауды ұсыныңыз. Оқушылар дайындалған материалды көрсетеді, өзара бағалау жүргізеді.	
	10.2.5.2 — тәжірибелік, сандық және сапалы есептерді шешу кезінде үзіліссіздік теңдеуін және Бернулли теңдеуін қолдану.	(D) Оқушыларды қраннан ағып жатқан суды бақылап көруді сұраңыз (ламинарлық ағысты сақтауға тырысыңыз). Оқушыларға мынадай сұрақ қойыңыз: сұйықтың бағаны неге жіңішкереді? Сұраққа жауап беру үшін берілген уақыт аралығында ағып өтетін су көлемінің бірдей болуы қажет екенін түсінуі тиіс. (Т) Оқушыларға Бернулли теңдеуін қорытпай, түсіндіруге тырысындар.	Сұйықтар мен газдардың қозғалысына арналған бағытталған есептерді шешуге ерекше көңіл бөлу қажет.
	10.2.5.3 Тәжірибелік, сандық және сапалы есептерді	(f) Оқушыларға есептерді Бернулли теңдеуін пайдалана отырып шешуді ұсыныңыз. (Е) Торричелли формуласын тексеру үшін оқушыларға берілген	Оқушылар санылаудан ағып жатқан сұйық ағысының жылдамдығы осындай биіктіктен түсіп жатқан дене жылдамдығына тең келетініне көңіл бөлетін шығар. Бұл потенциалдық энергияның кинетикалық энергияға түрленуімен түсіндіріледі.


1	2	3	4
	шешу кезінде Торричелли формуласын қолдану.	цилиндрдің (төменгі бөлігінде белгілі бір диаметрдегі саңылауы бар) ағып жатқан сұйық ағысының көлемдік жылдамдығын зерделеуді ұсыныңыз. Су ағысының жылдамдығын есептеу үшін үзіліссіздік теңдеуін пайдаланыңыз. (G) Оқушыларға сұйықтың ағу жылдамдығының биіктікке тәуелділігін анықтауға мүмкіндік беретін қарапайым тәжірибелер жүргізуді ұсыныңыз. Тәжірибе жүргізгеннен кейін оқушылар ағыс жылдамдығының $\sqrt{h}$ тәуелділігінің графигін жасайды. График координатаның (h — саңылаудың үстіндегі сұйықтың биіктігі) басынан өтетін түзу сызық түрінде болуы тиіс.	Тәжірибе көрнекі болу үшін сұйықтың түсін өзгерту керек, демек сұйықтың биіктігі өзгергенін экспериментті фотоға түсіріп алуға болады. Фотосуретте түтіктегі сұйықтың биіктігін және оның ағу ұзақтығын көруге болады. 
10.2.5.4 — тәжірибенің нәтижесіне әсер ететін факторларды анықтау және оны жақсарту жолдарын ұсыну.		(E/f) Оқушыларға тұтқыр сұйықтағы (сұйық сабын, глицерин, желім) әртүрлі диаметрдегі металл шарлардың қозғалыс жылдамдығын өлшеу арқылы Рейнольдс санын тәжірибеден анықтауды ұсыныңыз. Оқушылардан тәжірибенің нәтижесіне әсер ететін шамаларды анықтауды және оны жақсарту жолдарын ұсынуды сұраңыз.	Практикада ламинарлық ағыстың турбуленттік ағысқа түрленуін Рейнольдс саны 1000-нан асқан уақытта ғана орын алады. Егер ағыс бұзылса, ауысу Рейнольдс санының барынша төменгі саңылауда орын алуы мүмкін. Тұтқыр сұйықтағы денелердің түсу уақытын нақтырақ анықтау үшін видео түсірілімді пайдалануға болады.

10.2A Молекулалық-кинетикалық теорияның негіздері			
Осыған дейінгі меңгерілген білім			
7-сынып: қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың қасиеттері, Броундық қозғалыс, диффузия, қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың қысымы.			
8-сынып: жылу берілу, жылулық тепе-теңдік, газдың молекулалық-кинетикалық моделі.			
9-сынып: Ньютон заңдары және импульстің сақталу заңы.			
Контекст			
Газдың макроскоптық қасиеттерін түсіндіру үшін қысымның термодинамикалық параметрлері және жекелеген бөлшектердің қозғалысын сипаттайтын физикалық шамалар арқылы температура енгізіледі. Оқушылар макроскоптық құбылыстарды қозғалыстың классикалық заңдарының және жүйенің микробөлшектерінің өзара әсерлесуінің негізінде түсіндіруге болады. Бұл тәсіл газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуін қорыту кезінде іске асырылады.			
“Физика” пәнінің осы бөлімдегі тілдік мақсаттары			
Оқушыларға арналған академиялық тілге сәйкес тілдік мақсаттың үлгісі төменде берілген.			
Пәнді оқыту мақсаты	Тілді оқыту мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалог/жазуға қажетті сөз тіркестері
Оқушылар идеал газдың моделін сипаттай алады.	Оқушылар идеал газдың моделін сипаттай алады және оның нақты газдан айырмашылығын айта алады (тыңдау және сөйлеу дағдылары).	Газдың молекулалық-кинетикалық теориясы. Идеал газдың теориялық моделі. Нақты газдар. Термодинамикалық параметрлер. Микро және макропараметрлер.	Нақты газдар молекула мен атомдардың көптеген санынан тұрады. Денедегі атомдар мен молекулалар үзіліссіз қозғалады және олардың арасында өзара әсерлесу күштері бар. Идеал газ жағдайында бөлшектер арасында өзара әсерлесу күштері болмайды. Денені құрайтын атомдардың немесе молекулалардың көлемі ыдыстың көлемімен салыстыруға келмейтіндей аз. Идеал газ моделінде бөлшектер мен ыдыстың қабырғалары арасындағы барлық соқтығысулар серпімді деп есептеледі.

Қысқаша шолу	
“Температура” және “жылулық тепе-теңдік” деген ұғымдарды қарастырғаннан кейін оқушылар МКТ негізінде температура мен орташа кинетикалық энергияның арасындағы байланысты анықтайды, сондай-ақ МКТ-ның негізгі теңдеуін біледі.	
Тілді оқыту мақсаттарына сай қосымша басшылық және басқа тілдік мақсаттарды қою үшін ғылыми тілді үйрету мен оқытуға қатысты “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспені қараныз.	

Бағдарламаға сілтеме	Оқыту мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
10.2А Молекулалық-кинетикалық теорияның негіздері.	10.3.1.1 — молекулалардың ілгері-лемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясымен темп-ерату-раның байланысын сипаттау.	(W) Оқушыларға МКТ-ның негізгі ережелерін қалыптастыруды және оларды тәжірибелік негіздемеге келтіруді ұсыныңыз. (Е) Оқушылармен бірге Штерн тәжірибесі туралы видеожазбаны қараңыз және газ күйіндегі молекулалар өте жоғары жылдамдықпен қозғалатынын көрсетіңіз. (G) Сыныпты топтарға немесе жұптарға біріктіріп оларға молекулалардың жылулық қозғалысының орташа кинетикалық энергиясымен темп-ерату-раның байланысын дәлелдейтін тәжірибе жүргізуді ұсыныңыз.	Молекулалардың жылулық қозғалысы, Броундық қозғалыс және диффузия — бұлардың бәрі өртүрлі физикалық құбылыстар екеніне назар аударыңыз. Қызған кезде денелердің ұлғаю қасиеті туралы бұрын өткен материалдарды оқушылармен бірге еске түсіріңіз. Температураның абсолют нөлiнiң болуы дене темп-ерату-расының және оның бөлшектерiнiң қозғалысының кинетикалық энергиясының арасындағы байланыс анықталғаннан кейiн түсiндiрiлyi мүмкiн. Цельсий, Фаренгейт және Ремер температуралық шкалаларындағы реперлiк нүктелердiң еркiн таңдалғанына, ал Кельвин шкаласы бойынша 0 К реперлiк нүктесi — денедегi молекулалардың iлгерiлемелi қозғалысы тоқтап қалатын температура екенiне назар аударайық.

1	2	3	4
		(G) Сыныпты топтарға және жұптарға біріктіріп оларға өртүрлі типтегі термометрлердің көмегімен және әсер ету принципін еске түсіруді ұсыныңыз. (I) Оқушылармен бірге термометрді қолдан жасап көріндер және өртүрлі температуралық шкалалардың пайда болуы тарихын еске түсіріңіз. Температураның “абсолют нөл” ұғымын түсіндіріңіз. (W) Температураның бөлшектер қозғалысының орташа кинетикалық энергиясымен байланысын оқушылармен талқылаңыз және молекулалардың орташа квадраттық жылдамдығының температурамен байланысының формуласын беріңіз. (f) Оқушыларға температура шамасын температураның бір шкаласынан екіншісіне ауыстыруға және МКТ-ның негізгі ережелерін негіздеуге арналған тапсырмалар, молекулалардың орташа квадраттық жылдамдықтарын есептеуге арналған есептер ұсыныңыз.	Цельсий Фаренгейт Ремер Кельвин шкаласы шкаласы шкаласы шкаласы Оқушылардың назарын жылдамдық пен кинетикалық энергиялар өртүрлі екеніне назар аудару қажет. Сондықтан денедегі молекулалардың жылулық қозғалысын сипаттау үшін орташа кинетикалық энергия ұғымын енгізеді. Оқушыларға $W_k = 3kT/2$ формуласын қорытпай-ақ беруге болады.


1	2	3	4
	10.3.1.2 идеал газдың теориялық моделін сипаттау	(W) Оқушыларға газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі ережелерін, сонан кейін идеал газдың теориялық моделінің мәнін түсіндіріңіз.	 Идеал газ мысалында оқушыларға идеализация мен модельдеу микродүниенің физикалық процестерін түсінуді жеңілдетуге мүмкіндік беретінін көрсету қажет.


10.2В Газ заңдары			
Осыған дейін меңгерілген білім 8-сынып: газдардың қасиеттері, газ қысымы, $p = F/A$.			
Контекст			
Осы бөлім идеал газ күйінің және оның жекелеген құбылыстарының, яғни макроскоптық параметрлердің біреуі (температура, қысым немесе көлем) өзгеріссіз қалатын процестерінің теңдеулерін шығару үшін МКТ-ның негізгі теңдеуін пайдаланады.			
Зертханалық жұмыстар:			
•Изотермиялық процесті зерттеу. •Изобаралық процесті зерттеу.			
“Физика” пәнінің осы бөлімдегі тілдік мақсаттары			
Оқушыларға арналған ғылымилық тілге сәйкес тілдік мақсаттың үлгісі төменде берілген.			


Пәнді оқыту мақсаты	Оқытудың тілдік мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалогқа жазуға қажетті сөз тіркестері
Оқушылар тұрақты температура кезінде газ көлемінің қысымға тәуелділігін зерттей алады (Бойль—Мариотт заңы).	Оқушылар тұрақты температура кезінде газ көлемінің қысымға тәуелділігін зерттеу бойынша тәжірибе нәтижелерін және графиктерді $V(p)$ сипаттай алады.	Идеал газ. Газ көлемі. Газ қысымы. Газ температурасы. Изотермиялық процесс. Изотерма.	Идеал газдың осы массасы үшін газ көлемі температура кезіндегі қысымға тәуелді. Қысым ұлғайған кезде көлем..... процестің графигі аталады.
Ғылыми тілді оқу және үйретуге жататын басқа тілдік мақсатта құру және тілді оқыту мақсаттары бойынша қосымша нұсқаулықтар жасау үшін жоғарыда берілген “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспені қараңыз.			
Қысқаша шолу			
Газдардың қасиеттері тәжірибе арқылы зерделенеді.			


Бағдарламаға сілтеме	Оқу мақсаттары	Оқыту іс-әрекеттерінің түрлері	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
10.2В Газ заңдары	Есептерді шығару кезінде идеал газ күйінің теңдеуін қолдану.	(W) Оқушыларға МКТ-ның негізгі теңдеуін еске түсіруді және газ қысымына әсер ететін микроскоптық параметрлерді (молекула массасы, молекулалар қозғалысының жылдамдығы) айтуды ұсыныңыз. Тәжірибе барысында өлшенетін мүмкін макропараметрлерге (газдың температура, көлемі, қысымы және массасы) қалай өтуге болатынын талқылаңыз.	Газ қысымының $p = nkT$ теңдеуінен (бұл жерде n – молекулалар концентрациясы) идеал газ күйінің теңдеуін шығарыңыз: $pV / T = \nu R$, мұнда ν – дененің мөлшері $\nu = 1$ моль болған жағдайда, $pV / T = R$, мұнда $R = 8,31 \text{ Дж} / \text{К} \cdot \text{моль}^{-1}$ болады.

1	2	3	4
		(I) Оқушыларға МКТ-ның негізгі тендеуінен идеал газ күйінің тендеуін өз бетімен шығаруды ұсыныңыз. (W,E) Газдың бірдей массасына (жабық ыдыс) күй тендеуі $pV / T = \text{const}$ түріне әкеп соғуы мүмкін екенін тәжірибе арқылы көрсетіңіз. (I/f) Оқушыларға идеал газ күйінің тендеуі арқылы шешуге болатын есептер беріңіз.	Газдың көлемі, қысымы және температурасының арасындағы байланысты зерттеу үшін көлемі өзгеруі мүмкін жабық ыдыс пайдалануға болады. Мұндай аспаптың (сильфонның) суреті төменде берілген. 
Тұрақты температура кезінде газ көлемінің қысымға тәуелділігін зерттеу (Бойль—Мариотт заңы);		(G) Оқушылар топтарда жұмыс жасай отырып, тұрақты температура кезінде газ қысымының көлемге тәуелділігі туралы болжам айтады (идеал газ күйінің тендеуі негізінде). (W) Оқушыларға тұрақты температура кезінде идеал газ көлемі мен қысымының математикалық тәуелділігін шығаруды ұсыныңыз. (Бойль—Мариотт заңының қорытындысы). (E/f) Тұрақты температура кезінде газдың осы массасы үшін оның қысымы өзгерген жағдайда газ көлемінің өзгеру тәуелділігін тәжірибеде тексеру үшін аспаптар пайдаланыңыз.	Изотермиялық процестер газ қоршаған ортамен жылу алмасу және жылулық тепе-теңдік орнау үшін уақыт қажет. Изотермиялық сығылу немесе ұлғаю қоршаған ортамен жылу алмасуға жалғасады.

1	2	3	4
		 Бұл тәжірибені оқушылар өздері жасайды. Оқушылар тәжірибенің нәтижесін график арқылы тексеру қажет.	
	Тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температурға тәуелділігін зерттеу (Гей—Люссак заңы).	(W) Табиғаттағы және техникадағы қарапайым мысалдар арқылы Гей—Люссак заңын түсіндіріңіз. Оқушылардан тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температурға тәуелдігіне теңдеу шығаруын және бұл тәуелділікті $p(V)$, $p(T)$ және $V(T)$ түрлі координаталарында график арқылы бейнеленуін сұраңыз.	Пластика және резеңке ыдыстарда жасалған қарапайым тәжірибелерде тұрақты қысым ретінде атмосфералық қысым қарастырылады. Оқушылардың назарын ыдыстардың жабық болуына аударған жөн, өйткені газ заңдары газдың бірдей массалары қарастырылады.




1	2	3	4
		(Е) Гей—Люссак заңын растау және $V(T)$ тәуелділік графигін жасау үшін оқушыларға эксперимент жүргізуді ұсыныңыз. (I/f) Гей—Люссак заңын растайтын мысалдар келтіріңіз.	
	Тұрақты көлем кезінде қысымның газдың температурасына тәуелділігін зерттеу (Шарль заңы).	 (D) Шарль заңын тексеру үшін виртуалды анимацияны пайдаланыңыз. (T) графигін талдау және жасау үшін оқушыларға экраннан деректер ұсыныңыз. (I/f) Оқушыларға оны тұрмыста және техникада қолдануға қатысты мысал келтіруді ұсыныңыз.	Егер манометрлері бар арнайы құрал болмаса, Шарль заңына тәжірибе жүргізу қиын, сондықтан виртуалды жұмысты пайдалануға болады. Егер мұғалім деректер ұсынса, оқушылардың бұл деректерді өңдеуге және күтілген арақатынастарды тексеруге айтарлықтай мүмкіндіктері болады. Сондай-ақ деректердің нәтижелер қателіктеріне әсерін ескеруге, дәлдік пен нақты мәнді анықтауға қолайлы мүмкіндігі болады.
	Сандық және графигтік есептерді шешу кезінде газ заңдарын қолдану.	(W) Оқушыларға барлық процестердің графигтерін $p(V)$, $p(T)$ немесе $V(T)$ бірдей координаталық жазықтықта ұсынуға болатынын көрсетіңіз. (I) Оқушыларға бірнеше изохоралық, изотермалық, изобаралық, диаграммалардың көлемнің температураның қысымның ең үлкен мәніне сәйкес келетін графигтерді өз бетімен анықтауды ұсыныңыз.	Газ заңдары сызықтық/түзу және кері пропорционалдық сияқты арақатынастарды тексеру үшін жақсы деректермен қамтамасыз етеді. $p_1 V_1 = p_2 V_2 = \dots = p_n V_n$ немесе $p V = \text{const.}$

1	2	3	4
		(f) Оқушыларға сандық және графикалық есептерді шешуді ұсыныңыз.	
10.2 С – Термодинамика негіздері			
Осыған дейін меңгерілген білім.			
8-сынып: жылу мөлшері, меншікті жылуsыйымдылығы, газдың жұмысы, пайдалы әсер коэффициенті. 10-сынып: температура шкаласы, газ заңдары, молекулалық-кинетикалық теория.			
Контекст			
Оқушылар термодинамиканың бірінші және екінші заңдарымен танысады. Бұл заңдар кез келген жылу қозғалтқыштары жұмысының негізіне жатады және кез келген жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициентінің теориялық мәнін шектеудің бар екенін көрсетуге мүмкіндік береді. Оқушыларда энергияны сақтау және жылу машиналарының максимал мүмкін пайдалы әсер коэффициенті туралы түсінік қалыптасады. Оқушылар энергетикалық саясат пен жаңа технологиялар проблемасын талқылайды. Жергілікті электр стансасына бару оқушыларға аталған тақырыптың мәнін білімді жақсы түсінуге көмектеседі.			
“Физика” пәнінің осы бөлімдегі тілдік мақсаттары			
Оқушыларға арналған ғылыми тілге сәйкес тілдік мақсаттың үлгісі төменде берілген.			
Пәнді оқыту мақсаты	Тілді оқу мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалогқа жазуға қажетті сөз тіркестері
Оқушылар есептерді шешу кезінде жылу қозғалтқышының ПӘК формуласын қолдана алады.	Оқушылар жылу қозғалтқышының ПӘК 100% тең бола алмайтынын ауызша түсіндіру үшін Сэнки диаграммаларын	Жылу қозғалтқышы пайдалы әсер коэффициенті; ішкі энергия; жылу;	Жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті. Энергия ... нәтижесінде жоғалады. Жылу қозғалтқышы электр қозғалтқышқа қарағанда ұтымды емес, өйткені ...

	раммасын пайдалана алады (сөйлеу және тыңдау дағдылары)	жұмыс; термодинамиканың бірінші заңы; термодинамиканың екінші заңы.
Тілді оқыту мақсаттарына сай қосымша басшылық және басқа тілдік мақсаттарды қою үшін ғылыми тілді үйрету мен оқытуға қатысты. “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспені қараңыз.		
Қысқаша шолу		
Тақырыпта энергияны түрлендіру жүйелеріне мысал ретінде жылу қозғалтқыштары зерделенеді және түрлі изопроцестерге және жылу қозғалтқыштарына қолданылған термодинамиканың бірінші және екінші заңдары қарастырылады, сондай-ақ нақты және идеал жылу машиналарындағы ПӘК ұлғайту айырмашылығы және ПӘК арттыру жолдары түсіндіріледі.		

Бағдарламаға сілтеме	Оқу мақсаттары	Оқыту іс-әрекеттерінің түрлері	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
10.2. С Термодинамика негіздері	Есептерді шешу кезінде бір атомды және екі атомды идеал газдардың ішкі энергиясының формуласын қолдану; изопроцестерге және адиабаталық процеске термодинамиканың бірінші заңын қолдану.	(W) Термодинамиканың негізгі ұғымдарын: ішкі энергияны, жылу мөлшерін, жылу берілуді және оның түрлерін қайталаныз. (T, G) Оқушыларға бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын шығаруды ұсыныңыз. Жалпы жағдайда ішкі энергияның формуласы мына түрде жазылатынын түсіндіріңіз. $U = \frac{i}{2} \nu RT$	Оқушыларға газдың ішкі энергиясын есептеуге арналған сапалы, есептік және графикалық есептер ұсынылады.

1	2	3	4
		(I/f) Оқушыларға идеал газдың ішкі энергиясының формуласы арқылы шешуге болатын есептер беріңіз. (E) Оқушыларға заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтауға зертханалық жұмыс жасауды ұсыныңыз.	Жұмыс барысында алынатын дағдылар: өлшенген және есептелген мәндер үшін үтірден кейінгі белгілердің санын анықтау, өлшемдер мен есептеулердің қателерін бағалау.
	Термодинамиканың бірінші заңын изо-процестерге және адиабаталық процестерге қолдану.	(T) Бірқатар виртуалды тәжірибе көрсетіңіз және оқушылардан әрбір жағдайдың нәтижесінде термодинамиканың бірінші заңын қорытып шығарыңыз. (D) Велосипед сорғысын алып, оны камераға қосыңыз. Оны тез үрлеп, сорғының температурасының және ондағы ауаның айтарлықтай ұлғайғанын табу үшін оқушыларды шақырыңыз. Ауаны сорғымен толтыру температураның елеулі дәрежеде артуына әкеп соқпайды. (D) Ауа шақпағының көмегімен адиабаталық сығылу кезінде температураның артуын көрсетіңіз.	Жұмыс және газға әсер ететін сыртқы күштердің жұмысы $A = -A'$ арақатынасында болатынына назар аударыңыз. Термодинамиканың 1-заңын мына түрде жазуға болады: $\Delta U = Q - A.$ Термодинамиканың бірінші заңы жылу процестері үшін энергияның сақталу заңы болып табылатынына назар аударыңыз. Велосипед сорғысын көрсетуді изо-термиялық және адиабаталық процестерді ажырата білу үшін пайдалануға болады. Алғашқылар тұрақты ішкі температураны ұстап тұру үшін қоршаған ортамен жылу алмасуды қамтиды. Кейінгілер тез жасалғандықтан, қоршаған ортамен жылу алмасу болмайды, газдың

1	2	3	4
		(I/f) Оқушыларға изотермиялық және адиабаталық сығылудың қысымның көлемнен тәуелділігінің графигін құруды және осы графиктер бойынша газдың жұмысын салыстырып көруді ұсыныңыз. (G/f) Изопроцестер және адиабаталық процестер үшін оқушыларға ΔU, Q және A мөндерінің кестелерін жасауды және алынған нәтижені талдауды ұсыныңыз.	температурасы жасалған жұмыстың нәтижесінде өзгереді. Оқушыларға термодинамиканың бірінші заңын қолдануға арналған сапалы, сандық және графикалық есептер және өртүрлі жылу процестерінің ПӘК ұсынылады.
	Идеал жылу қозғалтқышы үшін Карно циклін сипаттау.	(Т) Оқушыларға бу қозғалтқышы туралы видеоны қарауды және оның жұмысы барысында энергияның түрленуі мәселелерін талқылауды ұсыныңыз. (І) Оқушыларға жылу қозғалтқышының жұмыс істеу принципі талқылауды және энергия ағынының сызбасын сызуды ұсыныңыз.	Егер оқушылар Сэнки диаграммасымен (жылу қозғалтқышының жұмыс істеу принципі) таныс болса, оны жылу қозғалтқыштарының түрлі типтеріндегі, мысалы, бу машинасындағы, жылу электр стансасындағы және іштен жану қозғалтқыштарындағы энергияның түрлену тиімділігін талқылау үшін пайдалануға болады. 

1	2	3	4
	Есептерді шешу кезінде жылу қозғалтқышының ПӘК формуласын қолдану.	(G) Оқушыларға жылу қозғалтқышына мысалдар келтіріңіз: ішкі жану қозғалтқышы, жылу электр стансасы, бу машинасы және т.б. Оқушылардан осы машиналардағы энергия “шығынның” себептерін талқылауды сұраңыз. (T) Пайдалы қуатты алуға арналған құрылғы ретінде жылу қозғалтқышы ұғымын және жылу процестерінің өту бағытын айқындайтын заң ретінде термодинамиканың 2-заңын енгізіңіз. (T) Нақты және идеал жылу қозғалтқыштарының ПӘК (h) есептеу үшін оқушылардан мына теңдеуді жазуды: $\eta = \frac{Q_1 - Q_2}{Q_1}, \eta = \frac{T_1 - T_2}{T_1}$ және осы формулаларды қолдануға арналған түрлі деңгейдегі есептерді шешуді сұраңыз. (F) Жылу қозғалтқыштарының ПӘК есептеуге байланысты түрлі сұрақтар қойыңыз.	Оқушылар отын энергиясын пайдаланбайтын түрлендіргіштердің ПӘК қарағанда, жылу қозғалтқыштарының ПӘК әдетте айтарлықтай төмен екенін білетін болады.

10.2 D Сұйық және қатты денелер			
Осыған дейін меңгерілген білім 7-сынып: деформация, деформацияның түрлері, қатаңдық, пластикалық, Гук заңы. 8-сынып: сұйық және қатты денелердің молекулалық құрылымы мен қасиеттері, ылғалдылық.			
Контекст			
Оқушылар бөлімді зерделеуді қаныққан және қанықпаған бұлар ұғымдарын қарастырудан және ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтаудан бастайды. Сұйықтар үшін оқушылар капиллярлық құбылыстар қарастырады және беттік керілу коэффициентін тәжірибе арқылы анықтайды. Металдардың, әйнек пен полимерлердің механикалық қасиеттері олардың микроскоптық құрылымдары (молекулалардың кристалдық торы/аморфты/ұзын тізбектері) ескеріле отырып түсіндіріледі.			
“Физика” пәнінің осы бөлімдегі тілдік мақсаттары			
Оқушыларға арналған ғылыми тілге сәйкес тілдік мақсаттың үлгісі төменде берілген.			
Пәнді оқыту мақсаты	Тілді оқу мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалогқа/жазуға қажетті сөз тіркестері
Оқушылар беттік керілу коэффициентін түрлі тәсілдер арқылы анықтай алады.	Оқушылар: беттік керілуді және капиллярлық құбылысты көрсететін қарапайым тәжірибелерді сипаттай алады, беттік керілу коэффициентін анықтайтын тәжірибені сипаттай алады (сөйлеу және тыңдау дағдылары).	Беттік керілу; сұйықтың беттік керілу коэффициенті; жұғу; жұқпайтын сұйықтар; капиллярлық құбылыстар.	Егер сұйық бетке жұкса, ... Жұқпайтын бетке түсетін су тамшысы ... Беттік керілу коэффициентін анықтау үшін ... әдісі пайдаланылады.
Ғылыми тілді оқытуға және үйретуге жататын басқа тілдік мақсаттар құру және тілді оқыту мақсаттары бойынша қосымша нұсқаулықтар жасау үшін жоғарыда берілген “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспені қараңыз.			
Қысқаша шолу			
Заттың үш агрегаттық күйі және заттың осы агрегаттық күйлердегі қасиеттері қарастырылады. Ауаның салыстырмалы және абсолют ылғалдылығы, сұйықтың беттік қабатының қасиеттері және капиллярлық құбылыстар деген ұғымдар енгізіледі.			

Оқу бағдарламасына сілтеме	Оқытудың мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
10.2 D Сұйық және қатты денелер.	Гигрометр және психрометр арқылы ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау.	(Т) Қарапайым тәжірибелердің негізінде қаныққан және қанықпаған бу деген ұғымдарды түсіндіру. (W) Абсолюттік және салыстырмалы ылғалдылық деген ұғымдарды енгізіңіз. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы менің маңыздылығын және оны тәжірибе арқылы анықтау тәсілдерін оқушылармен талқылаңыз. (Е) Оқушыларға ауаның салыстырмалы ылғалдылығын психрометрдің көмегімен өлшеуді ұсыныңыз.	Ауада парциалдық қысымы атмосфераның қысымына үлес қосатын су булары әрдайым болады. Кеңістікті қаныққан булардың қысымы температураға тәуелді екенін және осы температура кезінде өзгеріссіз қалатынын атап өткен жөн.
	Беттік керілу коэффициентін түрлі тәсілдермен анықтау.	(D) Беттік керілуді және капиллярлық құбылысты көрсететін қарапайым тәжірибелер көрсетіңіз. (W) Беттік керілу, капиллярлық құбылыс және жүгу деген ұғымдарды анықтаңыз, осы эффектілердің көріну механизмін молекулалық деңгейде қараңыз. (Е) Оқушыларға түрлі температуралардағы судың беттік кері-	Түрлі сұйықтардың беттік керілу коэффициентін анықтауға болады. Беттік керілу күшінің сұйық пен қатты дененің бетін бөліп тұратын сызықтың ұзындығына тәуелділігін зерттейміз. Бұл үшін сезімтал динамометрден және сұйығы бар кюветтен тұратын құрылғы пайдаланамыз. Динамометрдің серіппесіне түрлі ұзындықтағы сымдарды кезекпен қосып отырамыз және осы

1	2	3	4
		луін өртүрлі тәсілдермен: тамшылардың түзілуі әдісімен, капиллярдағы сұйықты ығысу әдісімен және басқаларымен өлшеуді ұсыныңыз.	сымдарды сұйықтың бетінен бөліп алуға қажетті күшті өлшейміз.
	Өртүрлі қатты денелер мысалында кристалдық және аморфты денелердің құрылымын ажырата білу.	(G/ W) Зертханада түрлі материалдардың кең спектрінің үлгілерін беріңіз және оқушыларға материалдарды олардың қасиеттеріне сәйкес топтауға тырысу арқылы өздерінің сапалы қадағалауларын жаза отырып, оларды бақылауды/созуды/сындыруды ұсыныңыз. (G) (E) Топтардағы оқушыларды әр үлгінің физикалық қасиеттерін зерделей отырып (мысалы, тығыздығы/қатандығы/беріктігі/ сыртқы түрі және т.б.), оларды 5—10 минут қадағалауын сұраңыз. (I) Түрлі материалдардың қасиеттерін түсіндіру үшін оқушылардан металдардың, полимерлердің және әйнектің/керамиканың (аморфты құрылымдар) құрылымын өз бетімен зерттеу жүргізуін сұраңыз.	Бұл жерде екі мақсат бар. Оның бірі оқушыларды материалдардың түрлі типтерімен таныстыру және оларды қасиеттері бойынша ажыратуға болатынын көрсету болып табылады: • тығыздық; • қаттылық; • беріктік. Екіншісі, материалдардың қасиеттері микроқұрылымына байланысты екенін көрсетумен түсіндіріледі. Үлгілер түрлі металдарды, әйнекті, керамиканы, полиэтиленді, каучукті қамтуға тиіс. Әрбір материал үшін үлгі ретінде нысандарда (мысалы, металл сым, металл пластина, блок) берілуге тиіс және, кем дегенде, әрбір материалдың бірер үлгісі сынуға және созылуға қабілетті болуға тиіс. Материалдардың түріне қарай қорғау көзілдіріктері/қолғаптар талап етілуі мүмкін.

1	2	3	4
	Серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау.	Зерттеудің нәтижелері бойынша постер жасау және құру.	
		(Е) Қайтымды және қайтымсыз процестердегі өзгерістерді көрсету үшін оқушыларға резеңкені және полиэтиленді созу арқылы тәжірибелер жасауды ұсыныңыз. (D) Оқушыларға болат сымды созу диаграммасы жасалған видеоны көруді ұсыныңыз және сыныпқа осы тәуелділіктің (механикалық кернеудің салыстырмалы ұзаруға тәуелділігі) графигін зерделеуді тапсырыңыз. Бұл тәжірибе аздаған деформациялар кезінде бұл сызықтық тәуелділік (Гук заңы), кейіннен пластикалық деформация орын алған кезде сызықтық емес тәуелділікке айналатынын көрсетеді. (G) Топтардағы оқушыларға тізбектей және параллель жалғау кезінде серіппенің жалпы қатаңдығының өзгерісін зерттеуді ұсыныңыз. (G) Оқушыларға Юнг модулін анықтау бойынша зертханалық жұмыс жасауды ұсыныңыз.	Резеңке және полиэтилен сияқты полимерлердің ұзарған кездегі төртбі қызықты және молекулалардың ұзын тізбектерінің қарапайым моделін ескере отырып, түсінікті болуы мүмкін. Серпімділік және пропорционалдық шектің арасында айырмашылық жасауға болады. Бұл жоғары жүктемелер кезінде шағын сызықтық еместердің арқасында көрінуі мүмкін. Сымның диаметрін өлшеу үшін оқушылардың микрометр пайдалануы қажет болады. Юнг модулін анықтау үшін мыналарды пайдалануға болады: диатметрлері немесе ұзындықтары әртүрлі, бірдей материалдан жасалған сымдар; әртүрлі материалдан (бірақ бірдей мөлшердегі) жасалған сымдар немесе резеңке жгут.

10.3А Электростатика

Осыған дейін меңгерілген білім

8-сынып: атомның құрылысы, элементар электр заряды, дененің электрленуі, зарядтың екі тегі, денелерді электрленуі процесін түсіндіру, Кулон заңы, электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі, электр өрісінің күш сызықтары.

9-сынып: тартылыс құбылысы, гравитациялық күштер, Бүкіләлемдік тартылыс заңы.

Контекст

10-сыныпта өтетін электромагнетизм бөлімінің басы. Тарау екі негізгі ұғымға негізделген: электр заряды және электр өрісі. Ол электромагниттік өрістер теориясы мен оны одан әрі зерттеуге негіз жасай отырып, оқушылардың бұрын алған электр заряды мен өрісінің қасиеттері туралы білімдерін толықтырады. Электр өрісінің теориясының гравитациялық әдісімен ұқсастығын пайдалана отырып, болашақта физиканы тереңірек зерттеу үшін оқушыларға қажетті тұжырымдамалық негізді дайындайды. Бұл тарауда зерттелген ұғымдар техникада, технологияда, элементар бөлшектер физикасында, Жердің кейбір атмосфералық электр құбылыстарын түсінуде кеңінен қолданылады, мысалы, найзағай.

Осы тараудағы “Физика” пәнінің тілдік мақсаттары

Төменде тілдік мақсат үлгісі оқушыларға арналған тиісті ғылыми тілмен берілген.

Пәнді оқыту мақсаты	Тілді оқыту мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалогқа / хат үшін пайдалы сөз тіркестерінің сериясы
Оқушылар біледі: электр өрісінің кернеулігінің өсерін анықтау үшін суперпозициялар принципінің қолдануды.	Оқушылар жасай біледі: Атас және әрагтас екі зарядтар үшін күштер желісін салуды (тақтаға), басқа оқушылармен өз сызбаларын талқылауды (сөйлеу және тыңдау дағдылары), содан кейін осы алынған	Өрістерді суперпозициялау принципі, нүктелік зарядтың өріс кернеуін, электр өрісінің кернеулігінің бағыты.	Өріс күшті, егер ... Өріс әлсіз, егер ... Алынған өріс кернеуі бағытталады ... және есептеледі ... Суперпозициялар принципі ... білдіреді.

	зарядтардың электр өрісінің кернеуін анықтауы.		Электр өрісінің нүктелік заряды кернеуі сипаттайды ... бұл ... тәуелді және ... тәуелсіз.
Басқа тілдік мақсаттарды және академиялық тілді оқыту мен үйретуге қатысты тілдік оқыту мақсаттары туралы қосымша нұсқауларды құру үшін жоғарыдағы “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспе бөлімінен қараңыз.			
Қысқаша шолу			
Оқушылар электростатикалық құбылыстарды бақылайды, оларды электр зарядымен жасалған электр өрісінің түсінігі негізінде қалай түсіндіруге және сипаттауға болатынын үйренеді, оң және теріс зарядтар кернеулік векторларын бейнелейді, сондай-ақ өрістің кез келген нүктесінде заряд жүйесінің қорытқы кернеулік векторын көрсетеді, қозғалмайтын зарядталған бөлшектерге электр өрісі күштерінің әсерлерін бақылайды және түсіндіреді.			
Бағдарламаға сілтеме	Оқу мақсаттары	Сабақтағы ұсынылатын қызмет түрлері	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
10.3А Электр өрісі	Есептерді шешуде электр зарядының сақталу заңын және Кулон заңын қолдану.	(D) Дененің электрленуінің әртүрлі жолдарын, зарядталған және зарядталмаған электрометр арасындағы зарядтардың қайта бөлінуін көрсетіңіз. (W) Оқушыларға әртүрлі жағдайлардағы электрлену механизмін түсіндіруге шақырыңыз. (f) Электр зарядының сақтау және Кулон заңына есептер шығарыңыз.	Басқа екі заряд әртүрлі үшінші зарядқа әсер ететін күшті табуға арналған түрлі тапсырмаларды ұсыну; зарядтардың әртүрлі конфигурацияларын қарастыру; бір түзудің бойымен, үшбұрыш төбесінде және т.б. Зарядтар жүйесінде тепе-теңдік жағдайларын қарастыру.
	Электр өрісінің кернеулігін анықтау үшін суперпозициялар принципін қолдану.	(D) Жоғары вольтты кернеу көзінің көмегімен нүктелік көзден майдағы жарма бөлшектерінің қозғалуын	Техникалық қауіпсіздік ережесі туралы есте ұстау. Бұл экспериментті тек мұғалім ғана жасайды.

1	2	3	4
		көрсету. Жұмыстың нәтижесін істеу тәжірибесін тақтаға жазу. (I) Оқушыларға Д. Максвеллдің күрделі электр өрістерінің күш сызықтарын құру әдісімен таныстыру. (f) Оқушыларды екі нүктелік зарядтан құралған электр өрісінде тор дайындасын және осы тор арқылы аттас және әр аттас зарядталған зарядтардың күш сызықтарын құру керек. (W) Оқушылардан өрістің күш сызықтарын • екі бірдей зарядталған нүктелік зарядтар • екі әр аттас зарядталған нүктелік зарядтар, • өрістердің суперпозициялар принципінен, электр өрісінің кернеулігін графикалық түрде салуды сұраңыз. (G) Оқушыларға электростатикалық өрістердің суперпозиция принципінен қолдану арқылы бірқатар тапсырмалар орындауды ұсыныңыз.	Оқушылар зарядтардың суперпозициялар принципі қандай екенін түсінуі керек. Оқушылардан осы нүктедегі әрбір зарядтың кернеу сызығын көрсеткен сызба жасауды және кернеудің пайда болған векторын суреттеуді талап ету керек, содан кейін есепті шешуге кірісуге болады.
Гаусс теоремасын зарядталған жазықтықтың, шардың, сфераның		(T) Электр өрісін сипаттайтын физикалық шаманы енгізіңіз — электр өрісі кернеулігі векторының	Теореманы қорытындысын беруге болады.

1	2	3	4
	және шексіз жіптің электр өрісінің кернеулігін анықтау үшін қолдану;	N ағыны және электрлік зарядтың беткі тығыздығының ұғымы. (Т) Гаусс теоремасын қолданылуын есептерді шешу мысалдарында көрсетіңіз: 1. Беттік тығыздық $+ \sigma$ біркелкі зарядталған шексіз жазық вакуумда шығарылған электростатикалық өрістің E кернеулігін анықтаңыз. 2. E өрісінің кернеулігін анықтау: 1) параллель пластиналар арасында; 2) пластиналардан тыс. Егер, өріс бетіндегі заряд тығыздығы $+ \sigma$ екі шексіз параллель пластиналармен жасалса, пластиналарға перпендикуляр сызық арқылы кернеу өзгерісінің графигін құрыңыз. 3. Цилиндр пішінді дененің біркелкі зарядталған электр өрісінің кернеулігін және шексіз түзу сызықты анықтаңыз.	Оқушыларға Гаусс теоремасын қолдану арқылы есептер шешудің алгоритмін беру пайдалы. 1 және 2 типті есептерді бүкіл сыныппен бірге шешу. Жақсы оқитын оқушылар үшін мынадай тапсырмаларды ұсынуға керек: q, $2q$, $3q$ зарядтары бар 3 біркелкі зарядталған бір-біріне параллель орналасқан жазықтық. Шеткі жазықтықтардан ортасына әсер ететін күштерді анықтаңыз. Өрбір жазықтықтың әртүрлі жағынан алынған өріс кернеулігінің сызбасын құрастырыңыз.
	Электр өрісінің жұмысын және потенциалын есептеу;	(W) Оқушыларға электр өрісінің сызығының бойымен зарядты жылжыту арқылы біртекті электр өрісінің жұмысын, осы өріске перпендикуляр, осы өрістің жолдарына қараған бұрышта, осы өрістегі траектория бойынша есептеуді сұраңыз.	Оқушыларға түйік контурдың бойымен нөлге тең жұмыс істейтін өрістер потенциал деп аталатынына назар аударыңыз. Оқушыларға нүктелік зарядтардың (шығыссыз) өрісіндегі

1	2	3	4
		(Т) Электр өрісінің жұмысын потенциялын есептердің негізінде оқушыларды өрістегі зарядтардың потенциал энергиясы, потенциал потенциалдар және эквипотенциал беттердің ұғымдарын түсіндіру. (D) Мұнда қарапайым модель пайдалы. Екі шардың ортасына серіппені қойып, сығайық. Егер сіз осы күйде жүйені ұстап тұрған күштерді алып тастасаңыз, онда серіппе ашылады да, шарлар ұшып кетеді. Серпімді күштің жұмыс істеу шамасы, сығылған серіппелердің ықтимал энергиясы және шарлардың кинетикалық энергиясы туралы сұрақтар қойыңыз. Атас нүктелік зарядтар өзара әсерлескен кездегі жағдайды талдаңыз. Оқушылар екі атас зарядтар жүйесінің де, сығылған серіппе сияқты потенциал энергиясы болатынын түсінуі керек және бұл энергия көп, болған сайын зарядтары бір-бірін тартады. Оқушыларға ойша эксперимент жүргізуге шақырыңыз: экспериментте атас зарядтардың орнына, әр атас зарядтарды алыңыз. Бұл жағдайда бір-бірінен тебілетін за-	зарядтардың потенциал энергиясын есептеу үшін формуланы ұсыну.

1	2	3	4
		рядтарды жою жұмысты электр өрістің күштерімен емес, сыртқы күштермен орындалуы керек. (Т) Электр потенциал түсінігін шексіздіктен бастап осы өрістегі нүктеге дейін жалғыз сынақ зарядын жылжыту үшін сыртқы күштерге қажет жұмыстар ретінде енгізіңіз. (Т) Электр потенциал түсінігіне анықтама беріңіз (бір зарядтың ықтимал энергиясы). Потенциалды өлшеу бірлігін енгізіңіз (Дж/Кл). (І) Оқушыларға нүктелік зарядтан қашықтықты арттыра отырып потенциалдың айырымының сызбасын сызуын шақырыңыз. (G) Оқушыларға өрістерді, потенциалы өрістегі зарядтардың энергиясын және т.б. анықтау үшін бірқатар есептеулерді шешуді сұраңыз.	
	Есептерді шешуде электростатикалық өрістің энергетикалық сипаттамаларын және күштерін байланыс-	(W) Потенциалдар айырымы мен электр өрісінің кернеулігі арасындағы байланыс формуласын шығарыңыз.	Оқушылар “кернеу” және “кернеулігі” ұғымдарын ажырата білуі керек.

1	2	3	4
	Электростатикалық өрістің энергетикалық сипаттамаларын және күштерін байланыстыратын формуланы қолдану.	(G) Оқушылар топтарға бірігіп Венн диаграммасын салады және екі шама да кеңістіктің берілген нүктесіндегі электр өрісінің сипаттамалары болып табылатынын қорытындылайды. Арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Содан кейін бейне роликті қарайды да Венн диаграммасындағы қателерді толықтырады немесе түзетеді. Мынандай түрлі есептерді шешеді. 1. 60 кВ/м кернеуі бар біртекті электр өрісінде 5 нКл заряд орналастырылған. 20 см модульге тең қозғалыс күш сызықтарының бағытымен 60° бұрыш құрайды. Өріс жұмысын, зарядтың және өрістің өзара әсерлесуінің ықтимал энергиясын және бастапқы және соңғы нүктелерінің арасындағы кернеуді табу. Осы есепті теріс заряд жағдайда деп қарастырып сұрақтарға жауап беріңіз. 2. Электрон 200В нүктеден 300В потенциалға бар нүктеге электр өрісінде орын ауыстырды. Электронның кинетикалық энергиясын, оның потенциалдық энергиясының өзгеруін және алынған жылдам-	Іс жүзінде “нүкте потенциалы” емес “потенциал айырымы” ұғымын жиі пайдаланатындығына, ал электр өрісі кернеуінің векторы потенциалы төмендетуге бағытталғанына оқушылардың назарын аударту керек. Заряд орын ауыстыру кезінде электр өрісінің жұмысының және осы зарядты жылжыту кезінде сыртқы күш жұмысының қатынасына ерекше назар аударыңыз.

1	2	3	4
		дықты табыңыз. Электронның бас-тапқы жылдамдығы нөлге тең.	
	Гравитациялық және электростатикалық өрістердің сипаттамаларын салыстыру.	(f) Оқушыларды гравитациялық және электростатикалық өрістердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар кестесін құруға үйрету. Оқушыларға таныс Венн диаграммасын пайдалануға болады.	Кестеде мынандай мөндер көрсетілуі керек: 1. Электрлік және гравитациялық өрістердің көздері. 2. Нүктелік зарядтардың және нүктелік массаның өзара әсерлесу күші. 3. Электр және гравитациялық өрістердің күш сипаттамалары (формула мен бағыты). 4. Электр және гравитациялық өрістердің энергетикалық сипаттамалары. 5. Гравитациялық және электр өрістердегі потенциалдар энергиясы. 6. Бұл өріс потенциалдарының қашықтыққа тәуелділік кестесін құру.
	Өткізгіштердегі электростатикалық индукция құбылыстарына және диэлектриктердегі поляризацияға са-лыстырмалы талдау жүргізеді.	(D) (W) “Миға шабуыл” әдісі. 1) Электр өрісінің өткізгішке әсерін көрсетіп, электр өрісіне өткізгенде өткізгіште не болатыны туралы болжамын ұсыныңыз. Соңында, “ Электр өрісіндегі өткізгіш ” индукциялық үзіндісін қарап шығыңыз және талқылаңыз.	Негізгі ұғымдар: зарядтар, электростатикалық индукция, эквипотенциалды беттер, поляризациялық зарядтар,

1	2	3	4
		Металл өткізгіштің потенциалы қалай бөлінеді? “Зарядталған өткізгіш потенциалы”, “Өткізгіш бойындағы потенциалдың түсуі”, “Фарадей торы”, “Кольбе торы” видеосын көру. 2) Электр өрісіне диэлектриктерді орналастырған кезде не болады? Оқушылар бұл сұрақты талқылайды және өз жауабын ұсынады. Аяқталғаннан кейін мұғалім “Электр өрісіндегі диэлектриктер” видеофрагментін қарауды және талқылауды ұсынады. (I) Өрі қарай, әрқайсысы жеке электр өрісіндегі өткізгіштер мен диэлектриктердің тәртібін сипаттау керек.	диэлектрлік поляризациясы. Оқушыларға тірек ұғымдарды кестеге жазуды ұсыныңыз.
	Конденсатордың сыйымдылығын оның параметрлеріне тәуелділігін зерттеу.	(G) Оқушыларды топта осы дененің электр зарядын анықтау мүмкіндігін сипаттайтын қандай да бір физикалық шаманы енгізуге болатынына және осы шаманың неге байланысты екенін болжауды талқылауға шақырыңыз. (T) Талқылаудың негізінде бірлік өткізгіштің электр сыйымдылығының формуласын енгізіңіз:	Мәселені қоймас бұрын, оқушыларға “бос ыдыстың сыйымдылығы бар ма және осы ыдысқа қанша сұйықтық құюға болады” деген сұраққа жауап беруді ұсынуға болады. Бұл жауаптар өткізгіштің заряд жинау қабілеті туралы мәселені шешу үшін қолдану мүмкін.

1	2	3	4
		$C = \frac{q}{\varphi}$ және конденсаторда $C = \frac{q}{U} \cdot$ Содан кейін шардың электрлік сыйымдылығы $C = \frac{\varepsilon R}{k}$ және жазық конденсатор үшін формуланы есептеп шығарыңыз: $C = \frac{\varepsilon_0 S}{d}$ (G) Оқушылар топта жұмыс жасайды. Видео үзінділерді жоспар бойынша қарау және талқылау: 1) Конденсатор, конденсатор құрылысы. 2) Конденсатордың сыйымдылығы неге байланысты. 3) Оқшауланған бір ғана зарядсыз өткізгіштің сыйымдылығы болуы мүмкін бе? 4) Конденсаторды қалай жасауға болады? 5) Конденсаторлар қайда қолданылады? 6) Конденсаторлардың түрлерін атаңдар.	Электр сыйымдылық формуласынан шығатыны электрлік сыйымдылық тек өткізгіштің геометриялық өлшемдерімен және ол орналасқан ортаның диэлектрлік тұрақтылығымен ғана анықталады. Электрлік сыйымдылықты енгізгеннен кейін, оқушылар Ф, мкФ, нФ, пФ арасындағы байланысын білетініне көз жеткізіңіз.
	Есептерді шешуде конденсаторларды тізбектей және параллель	(G) Оқушыларға тізбектей және параллель жалғанған конденсаторлар үшін баламалы электр сыйымдылы-	Презентацияларды бағалау критерийлері туралы оқушылармен алдын ала сөйлесу.

1	2	3	4
	қосуға жалғауға формуланы қолдану.	ғын есептеуге арналған формулаларды шығаруға және презентацияны дайындау мен қорғауды және өзара бағалау жүргізуді ұсыныңыз. (I) Оқушыларға конденсаторларды тізбектей және параллель жалғауға арналған баламалы электр сыйымдылығын есептеуге шақырыңыз.	
	Электр өрісінің энергиясын есептеу.	(D) Сыйымдылығы үлкен конденсаторды (50 немесе 100 мкФ) кернеуі 5—10 В тұрақты ток көзінен қалта қолшамы арқылы зарядтаңдар. Жарық шамы жыпылықтайды (күйіп кетпес үшін кернеуге қажетті вольт шамды таңдау қажет). Зарядталған конденсатордың электр энергиясы қыздырылған талшықтың ішкі энергиясына өтеді. Конденсаторды зарядтау кезінде кернеу көзін азайта отырып, төжірібені бірнеше рет қайталаңыз. Шамның жарқырауының өзгерісін байқаңыз, ол азаяды. Неғұрлым аз сыйымдылықтағы конденсаторды бастапқы кернеу мөніне дейін зарядтаңыз. Жарықтың жарқырауын ескере отырып, зарядталған конденсатордың қуаты кернеу көзіне және конденсатордың	Егер осы экспериментті жасауға мүмкіндік болмаса, “зарядталған конденсатордың энергиясы” бейнероликті көруге кеңес беріңіз. Ерекше назарды мынандай тапсырмаларға аудару керек: Ток көзіне қосылған зарядталған конденсатордың энергиясы қалай өзгереді, егер: А) пластиналар арасындағы қашықтықты 3 есе азайтса; В) пластина ауданын 4 есе ұлғайтса; С) конденсатордың астарларының арасына май орналастырса ше.


1	2	3	4	Жалғасы
		сыйымдылығына байланысты болатыны туралы қорытынды жасаңыз. (W) Оқушылармен бірге зарядталған конденсатордың қуатына арналған формуланы зарядтың конденсатордағы $q(U)$ кернеуіне тәуелділік кестесін пайдалана отырып шығарыңыз. (G) Оқушыларға зарядталған конденсатордың энергиясын, конденсаторды зарядтағанда кезде бөлінетін жылу мөлшерін есептеуге шақырыңыз.		

10.3В Тұрақты электр тогы			
Осыған дейін меңгерілген білім			
8-сынып: тұрақты ток көздері; тізбек бөлігі үшін Ом заңы; электр тогының әсері; электр сызбаларының элементтері және олардың белгіленуі; өткізгіштердің тізбектей және параллель жалғауы; электр тогының энергиясы мен қуаты; Джоуль—Ленц заңы.			
Контекст			
Осы тараудың тақырыптарымен 8-сыныптан таныссындар, сондықтан сабақты жоспарлаудың негізі бар. Дегенмен, оқушылар электр тізбектерін жинау және олардың сипаттамаларын зерттеу үшін көп мүмкіндіктерге ие болады. Физика және басқа да жаратылыстану ғылымдары бойынша курстың барлық бөліктеріне сәйкес келетін деректерді жинау мен жазу және жоспарлау бойынша практикалық дағдылар үшін мүмкіндіктері болуы керек. Кернеу бөліктермен жұмыс істеу оқу схемасын және шешімдерді қабылдау схемаларын ұсынады. Зертханалық жұмыс: • Өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену. • Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау.			
Осы тараудағы “Физика” пәнінің тілдік мақсаттары			
Төменде оқушыларға арналған тілдік мақсат мысалы тиісті ғылыми тілмен келтірілген.			
Пәнді оқыту мақсаты	Тілді оқыту мақсаты	Пәндік лексика және терминология	Диалогқа/жазуға қажетті сөз тіркестері
Оқушылар біледі: өткізгіштерді аралас жалғау арқылы тізбек бөлігіне үшін Ом заңын қолдануды.	Оқушылар жасай біледі: Ом заңын толық және тізбек бөлігі үшін құралады, өткізгіштердің тізбектей және параллель жалғауды есептеулерді жүргізе алады.	Өткізгіштегі ток күші, өткізгіш ұштарында кернеудің түсуі, өткізгіш кедергісі, Ом заңы.	Тізбек бөлігіне арналған ток күшіне тура пропорционалды ... Аралас жалғау кезіндегі тізбектің жалпы кедергісі ...


Басқа тілдік мақсаттарды құру және ғылыми тілді оқыту мен үйретуге қатысты тілдік оқыту мақсаттары туралы қосымша нұсқауларды жоғарыдағы “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспе бөлімінен қараныз.	
Қысқаша шолу	
Оқушылар электр тізбектерінің сипаттамаларын қайталауды және өртүрлі өткізгіштердің электр қасиеттерін талқылауды бастайды. Электр қозғаушы күші (ЭҚК) мен тізбектегі потенциалдар айырымының арасындағы нақты шектеуді алғаннан кейін, оқушылар аккумулятор арқылы өгіп жатқан токқа шектеуді қарастырады. Бұл ЭҚК мен аккумулятор немесе батарея қысқышындағы кернеу арасындағы байланысқа өкеледі. Қүрделі сызбалар Қирхгоф заңдары бойынша есептеледі.	

Бағдарламаға сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер
1	2	3	4
10.3 Тұрақты ток тізбектері	Өткізгіштердің ара-лас жалғау кезіндегі тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану.	(W) Негізгі формулалар мен “Тұрақты ток” тақырыбы бойынша ұғымдарды қайталаңыз. (E/G) Демонстрациялық тәжірибе жүргізіңіз. 1. Ток күшінің өткізгіштің кедергісіне тәуелділігін зерттеу. Ток көзінен, өртүрлі кедергісі бар резисторлардан, амперметрлерден, жалнастырушы сымдардан тұратын тізбекті құрастырыңыз. 2. Ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу. Айнымалы кернеуді ток көзінен, резистордан, амперметрден, вольтметр	Оқушыларға амперметр мен вольтметрді электр тізбегіне қосу туралы ережені еске салу. Оқушыларға ток күші, кернеу формуласын, тізбек бөлігі үшін Ом заңын, өткізгіштердің тізбекті және параллель жалғаудың балалы есептеуге арналған формула туралы еске салу.

1	2	3	4
		және жалғастырушы сымдармен тұратын тізбекті құрастырыңыз. (G) Оқушыларға аралас жалғанатын өткізгіштердің өртүрлі деңгейлі тапсырмасын ұсыныңыз.	
	Өткізгіштердің аралас жалғауды зерттеу.	(W) Тізбекті және параллель жалғанған, 6 резистордан тұратын электр тізбегінің схемасы ойлап табыңыз. (G) Топта өткізгіштердің тізбектей және параллель жалғану ерекшеліктерін талқылау. Тұрмыста және техникада электр тізбектері өткізгіштерінің жалғану түрлерін пайдалануды талқылау. (E/G) Оқушыларға өткізгіштері аралас жалғанған берілген сұлба бойынша бірнеше тізбектерді құрастыруды, әрбір бөлігіне ток күші мен кернеуін және жалпы өлшеуді, әрбір бөлігі үшін Ом заңының орындалуын тексеруді ұсыныңыз. (f) Егер ток көзі A және B, B және C, C және D, A және D нүктелері арасында тізбектей жалғанған болса, тізбек бөлігінің жалпы кедергісін анықтаңыз. Сәйкесінше резисторлар кедергісі $R_1 = 1 \text{ Ом}$, $R_2 = 2 \text{ Ом}$, $R_3 = R_4 = 4 \text{ Ом}$ болып табылады.	
			Оқушылар сөйлемді аяқтасын: Өткізгіштерді параллель жалғағанда ... Өткізгіштерді тізбектей жалғағанда ... Мұғалім өткізгіштерінің жалғағанда тізбек элементі жасырылған және құралдар көрсеткішімен қосылу әдісін табу қажет “қара жөшіктің” эксперименталды тапсырмаларын пайдалана алады.

1	2	3	4
		 (G) Топта өткізгіштердің аралас жалғауға байланысты есептер шығару. (D) Ток көзі тізбектей бір, екі және үш шамдар үшін электр энергиясын беретін кейбір қарапайым сұлбалары көрсету. Шамның санын арттыру арқылы кедергісі және шамның жану жарықтығы төмендейді. (T) Бірлік оң зарядтың қозғалысы бойынша сыртқы күштердің жұмысы ретінде ЭҚК ұғымын енгізу $\mathcal{E} = A_{\text{бөглде}} / q.$ (T) Оқушыларға “Электростатика” тарауының кернеу анықтамасын естеріне салу: $U = A_{\text{эл}} / q.$ (E) ЭҚК және потенциалдар айырымы ұғымдарын толықтыру үшін	Қарапайым демонстрация мыналарды сапалы көрсете алады. • Аккумуляторлар электр энергиясын жеткізеді. • Шамдар (және тізбектің басқа элементтері) электр энергиясын басқа энергия түрлеріне түрлендіреді. • Кернеу ток көзінен алынған қуатпен байланысты.
	ЭҚК мен ток көзі арасындағы айырмашылықты зерттеу.		

1	2	3	4
		вольтметр (тұйық және ашық тізбегі) көмегімен тізбектегі кернеуді өлшеңіз. (Т) Толық тізбек үшін Ом заңын оқушылармен бірге тақтаға қорытып шығарыңыз. (G) Оқушылар топта жұмыс істейді Сұрақтарға жауап береді: Қысқа тұйықталудың қандай екенін түсіндіріңіз. (f) Қысқа тұйықталу салдарының қандай және одан қалай қорғау керектігін бағалаңыз.	
	Толық тізбек үшін Ом заңын қолдану.		Негізгі ұғымдар: толық тізбек, тізбек бөлігі үшін Ом заңы, сыртқы және ішкі кедергі.
	ЭҚК және ток көзінің ішкі кедергісін тәжірибе жүзінде анықтау.	(W) Оқушыларға сабақтың жабдықтарын дайындаңыз. (E) Оқушылармен ЭҚК және ток көзінің ішкі кедергісін есептеу үшін қандай формула, шамамен өлшеу керек және шаманы есептеу керектігі туралы талқылаңыз. Оқушылар тәжірибелерді сипатталғандай орындайды. Оқушылар кестені толтырады, есептеулер шығарады, қорытынды жасайды.	Техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық жүргізу. Негізгі терминдер мен ұғымдар: сыртқы күштердің жұмысы, сыртқы және ішкі кедергі, сыртқы және ішкі тізбек бөлігі, қуат көзінің электр қозғаушы күші, толық тізбек үшін және тізбек бөлігі үшін Ом заңы. Мұғалім тобында тәжірибе нәтижелерін тұжырымдайды және оқушылармен бірге қорытынды жасайды. Ток көзінің ЭҚК және оның ішкі кедергісі осы ток көзі үшін тұрақты болып табылады және сыртқы тізбек кедергісіне тәуелді емес.

1	2	3	4
	Кирхгоф ережелерін тармақталған электр тізбектеріне қолдану.	(I) Бірнеше ток көздері мен тармақталған тізбектерден тұратын тізбектің сұлбасын қарастыру. Сұлба Кирхгоф ережелеріне сәйкес келесі $\mathcal{E}$, R, I, r мөндерін қамтиды. (f) Оқушыларға Кирхгоф ережелерін оқушылардың қаншалықты жақсы түсініп, қолдана алатынын бағалаудың түрлі сұбалары бар ұқсас тапсырма ұсынуға болады.	Оқушылардың назарын ток бағыттарын таңдауға және контурларды айналып өтуге аудару.
	Ток көзі қуатының сыртқы кедергіге тәуелділігін зерттеу.	(W) Ток көзі қуаттың сыртқы кедергіге тәуелділігін анықтаудың тәсілдерін оқушылармен талқылау, қандай шама тәуелсіз, тәуелді болып табылатынын анықтау. (I) (E) Оқушылар жеке жұмыс жоспарын құрастырады және өлшеу құралдарының көрсеткіштерін алады да өлшеу деректерін өңдейді және $p(R)$ графигін салады.	Техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық өткізу. Бақылау сұрағы ретінде мынандай есепті ұсынуға болады: R_2 және R_3 резисторларында бөлінген P_2/P_3 қуаттарының қатынасы қандай?  $R_1 = 4 \text{ Ом}$ $R_2 = 2 \text{ Ом}$ $R_3 = 3 \text{ Ом}$ $R_4 = 4 \text{ Ом}$ Зертханалық жұмыстардың құрал-жабдықтары: ток көзі, реостат, амперметр, вольтметр, кілт, жалғағыш сымдар.

10.3 С Өртүрлі ортадағы электр тогы				
Осыған дейін меңгерілген білім				
8-сынып: металдардағы электр тогы; жартылай өткізгіш диодтардың , термисторлардың және фоторезисторлардың әсер ету принципі.				
Контекст				
Бұл тарауда металдар, жартылай өткізгіштер, газдар, электролит ерітінділері және вакуумдағы электр тогы ағысының шығу тегі мен механизмін зерттеледі. Деректерді жинау және жазу, құрылымы мен вольт-амперлік сипаттамаларын талдауда тәжірибелік дағдыларын дамыту үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет. Бұл тақырыпты зерттеу электроника, электроника, нанотехнология және т.б. салаларының әрқайсысында үлкен маңызға ие.				
Зертханалық жұмыстар:				
• Шамның қылсымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасы. • Бірвалентті ионның электр зарядын өлшеу.				
Осы тараудағы “Физика” пәнінің тілдік мақсаттары				
Төменде тілдік мақсаттың мысалы оқушыларға арналған академиялық ғылыми тілмен келтірілген.				
Пәнді оқыту мақсаты	Тілді оқыту мақсаты.	Пәндік лексика және терминология	Диалогқа / жазуға қажетті сөз тіркестері	
Оқушылар біледі: тұрақты температурада, вакуумдық диодтың, газдардағы және электролиттердегі токтың, жартылай өткізгіш диодпен және қыздыру шамымен металл өткізгіштің вольт-амперлік сипаттамаларын графика түрінде бейнелейді және түсіндіреді.	Оқушылар жасай алады: тізбектердің әртүрлі компоненттерінің электр сипаттамаларын түсіндіру үшін графикаларды талдау (сөйлеу дағдылары).	Вольт-амперлік сипаттама; металдар, электролиттер, газдар, вакуумдағы және жартылай өткізгіштердегі заряд тасымалдаушылар. жартылай өткізгіш диод; транзистор, термистор, фоторезистор. Электролит; термо және фотоэмиссия; қыздыру шамдары; тура пропорционалды;	Металл өткізгіш <i>I</i> үшін ток күші металдар, электролиттер, газдар, вакуум және жартылай өткізгіштердегі заряд тасымалдаушыларға тікелей пропорционалды ...болып табылады. Жартылай өткізгіштегі диодтың бір бағытта өткізгіштігі — бұл ... негізделген.	


			сызықты, сызықты тура, тікелей және кері ток.	Өйткені температурасы ..., онда кедергісі ... График сызықты емес, себебі өткізгіші болып табылады. График сызықтық тәуелділікті көрсетеді, себебі ...
Басқа тілдік мақсаттарды құру және академиялық тілді оқыту мен үйренуге қатысты тілдік оқыту мақсаттары туралы қосымша нұсқауларды жоғарыдағы “Тілдік мақсаттар туралы” кіріспе бөлімінен қараңыз.				
Қысқаша шолу				
Оқушылар электр тізбектерінің сипаттамаларын қайталаудан, өртүрлі ортадағы электр тогының вольт-амперлік сипаттамаларын талқылаудан бастайды. Ол фоторезистор, термистордың электр кедергісін зерттеу арқылы жүреді. Оқушылар қарапайым тізбектерді құру үшін резисторлармен, фоторезисторлармен және термисторлармен кернеуді бөлу сұлбаларын пайдаланады.				
Бағдарламаға сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер	
1	2	3	4	
	Металдардағы электр тогын сипаттау және кедергінің температурға тәуелділігін талдау.	(G) (W) Алынған білім негізінде оқушыларға металдардағы токтың бағытын түсіндіретін гипотезаны ұсынуға (электрондық теория) шақыру. Металдардың өткізгіштігінің электрондық теориясын тәжірибелік растауды оқушылармен талқылау. Топпен жұмыс істеу.	Негізгі ұғымдар мен терминдер: электр өткізгіштігі, жоғары өткізгіштік, кедергінің температуралық коэффициенті, өткізгіштің шектеулі кедергісі. Жоғары өткізгіштігін қолдану аясы: — электр энергетика (орамдар мен кабельдерді жоғары өткізушілер); — транспорт (магнитті жастықты пойыз) және т.б.	

1	2	3	4
		1. Риккенің тәжірибесі. 2. Стюарт пен Толменнің тәжірибелері. (E) Өткізгіш кедергісінің температураға тәуелділігін зерттеу. (T) Металл құрылымы кедергілерінің температурадан (қыздыру шамы жағдайында) қалай өзгеретінін оқушылармен талқылаңыз. Тәжірибелердің нәтижелерінен қорытындылар жасаңыз. (G) Оқушылар жұппен металдың жоғары өткізгіштігін қолданудың негізгі салалары туралы презентациялар дайындайды.	
	Жартылай өткізгіштердегі электр тоғын сипаттау және жарытылай өткізгіш құрылғылардың қолданылуын түсіндіру.	(W) Оқушылармен келесі сұрақтарды талқылаңыз. 1. Жартылай өткізгіштерге жататын химиялық элементтерді атаңыз. 2. Жартылай өткізгіштер мен металдардың өткізгіштігі қалай ерекшеленеді? 3. Электрондық түсініктердің негізінде металдар мен жартылай өткізгіштер кедергісінің температураға тәуелділік графиктерін түсіндіріңіз.	Негізгі ұғымдар: 1. <i>n</i>-типті жартылай өткізгіштерде негізгі тасымалдаушылар электрондар болып табылады, сондықтан олар электронды өткізумен айналысады; 2. <i>p</i>-типті жартылай өткізгіштерде негізгі тасымалдаушы кемтіктер болып табылады, сондықтан олардың өткізгіштігі – кемтіккі негізгі және негізгі емес ток тасымалдаушылар; 3. <i>p-n</i> ауысуы, жартылай өткізгіш диод, бір жақты диод өткізгіштігі, транзистор.

1	2	3	4
		4. <i>p</i> -типті жартылай өткізгіштерден <i>n</i>-типті жартылай өткізгіштердің айырмашылығы неде? 5. Жартылай өткізгіштердегі кернеуге ток күші қалай тәуелді болады? 6. Жартылай өткізгіштер үшін Ом заңы орындала ма? Талқылау негізінде оқушыларға жартылай өткізгіштердегі өткізгіштігін өзгерту жолдары туралы гипотезаны беруді ұсыныңыз.	Жартылай өткізгіштің өзіндік және қосалқы өткізгіштігінің сипатын қарастыру.
	Қыздыру шамын, резисторды және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамаларын зерттеу.	(G) (E). Қыздыру шамы және жартылай өткізгішті диодтың вольт-амперлік сипаттамасын зерттеу. 1-тапсырма. Ток көзінің бағытталған кернеу, амперметр, вольтметр, шамдар және жалғағыш сымдармен тізбектей жалғанған электр тізбегін құрыңыз. Қыздыру шамы талшығының вольт-амперлік сипаттамасын құрастырып, талдаңыз. 2-тапсырма. Электр тізбегін амперметрмен, вольтметрмен, резистормен және жалғастырғыш сымдарымен тізбектей жалғанған ток көзінен жинаңыз. Резистордың вольт-ампер-	Техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулықтан өткізу. Зерттеудің алдында оқушылармен қандай шамалар тәуелді, қандай тәуелсіз болып саналатыны туралы, ал қандай бақылауға алынатын талқылаңыз. Ток көзінің кернеу мөнін өзгерту арқылы амперметрдің және вольтметрдің δ немесе одан да көп көрсеткіштерін алыңыз. ✓ Қыздыру шамы және жартылай өткізгіш диод ток күшінің кернеуге сызықтық емес тәуелділігін көрсетеді. ✓ Жартылай өткізгіш диод қосылу полярлығына байланысты түрлі өткізгіштігі бар екенін көрсетеді.

1	2	3	4
		лік сипаттамасын құрастырыңыз және талдаңыз. 3-тапсырма. Электр тізбегін тізбектей жалғанған кернеу, амперметр, вольтметр, жартылай өткізгіш диод және жалғағыш сымдармен жалғанған ток көзінен құрыңыз. Жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасын құрастырыңыз және талдаңыз.	Бірінші құрғақ тұз бен суда өткізгіштік болмауын көрсетіп, содан кейін бірте-бірте тұз қосып, электрлік шам жарығының жарық жанатынын көрсетіңіз. Техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулықтан өткізу. Негізгі ұғымдар: электродит, электролиттік диссоциациялану, ион, ионды рекомбинация, электролиз, Фарадей заңы. Әрбір топ үшін, эксперимент (10 мин, 15 мин, 20 мин) уақытын анықтауға болады. Электродитті жолмен бір металдың бетін түрлі жұқа қабатпен (никельдеу, хромдау, мыспен қаптау және т.б.) қаптайды. Бұл берік жабын металды коррозиядан қорғайды. Электродитті пайдалануды үй тапсырмасын ретінде беруге болады, топтарда оқушылар презентациялар дайындайды.
	Электродиттердегі электр тогын сипаттау және есептерді шешу кезінде электролиз заңдарын қолдану.	(E, W) Топтағы оқушылар екі электродты мыс сульфатының ерітіндісіне сіңіріп, оларды ток көзіне қосып, электролизге тәжірибе жүргізеді. Нәтижелерді қорытындылау және салыстырудан кейін электролиз кезінде электродтарда бөлінген зат массасының процестің өту уақытына байланысы туралы қорытынды жасау. (G) Оқушыларды электролиз құбылысын талқылауға шақырады және оны қолдану салаларын ұсынады.	

1	2	3	4
	Электрониз процесінде электрон зарядын төжірібе жүзінде анықтау.	(G) (E) Оқушылардан электролиз құбылысын зерттеуді сұраныз, төжірібе негізінде электрон зарядын анықтаңыз.	Техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулықтан өткізу. Төжірібеге массасы 50 г мыс сульфаты, 600 г су, 1 А ток күші, 30 мин уақыт қажет. Төжірібе жүргізгеннен кейін электродтар электр плитасының үстінде кептіріледі. Электрондық зарядты ғана емес, сондай-ақ шектеулі зарядты: электрон зарядының оның массасына қатынасын анықтау маңызды. Электрохимиялық эквиваленттің өлшем бірлігі — кг/Кл. Бұл білім ядролық физиканы меңгеруде оқушылар үшін пайдалы болады. Зерттеуге қажетті жабдықтар: ток көзі, зертханалық амперметр, кілт, реостат, электролиттік ванна, көміртек электродтары, мыс сульфатының ерітіндісі (CuSO_4), таразы, салмақтар. Негізгі ұғымдар: газды иондау, газды разряд, термозлектронды эмиссия, зарядталған бөлшектер көзі. Оқушылардың назарын табиғатта, техникада, күнделікті өмірде газды разрядының қолданылуына назар аударыңыз. Өзін-өзі разрядтау мына жағдайларда бақыланады:
Газдағы және вакуумдағы электрон тогын сипаттау.	(G) Топта талқылау: 1-топ. Газдардағы токтың пайда болу себептерін зерттейді. 2-топ. Вакуумдағы токтың пайда болу себептерін зерттейді. Оқушылар бейнефильмді өз бетінше көреді және одан қорытынды жасайды, жазбалар, сызбалар жасайды.		

1	2	3	4
	Электронды-сәулелік түтікті қолдану мен жұмыс істеу принципін түсіндіреді.	Талқылаудың нәтижелері презентация түрінде рәсімделеді және кейіннен өзара бағалау жүргізіліп, қорытындыланады. Өз бетінше мынандай есептерді шығару: 1. Вакуумдағы диодта ең көп анодты ток 50 мА. Әрбір секунд сайын катодта қанша электрон ұшып шығады? 2. 5 кВ кернеумен жеделдетілген электрондардың шоғыры астарлардың ортасында жазық конденсатор ортасына және оған параллель ұшып шығады. Конденсатордың ұзындығы 10 см, пластиналар арасындағы қашықтық — 10 мм. Электрондар қандай минимал кернеуде конденсатордан ұшып шықпайды?	жанатын — күндізгі жарық шамдарда; ұшқын — найзағайда; төж — электр энергиясының шығынында электрофилтрлерде; доға — дөңкерлеу кезінде, сынап шамдарында. 2-есепті шешу кезінде электронның қозғалысы көлбеу бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысына ұқсас екенін ескеріңіз. 
